

Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

ПРЕЗИДЕНТІМІЗДІҢ АУЫЛДАРДЫ ДАМУҒА ЖАСАҒАН ҚОЛДАУЫН ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНАН АЙҚЫН КӨРУГЕ БОЛАДЫ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ “АБАЙ”-ҒА ПРЕМЬЕРАСЫ

Қызылордадағы Өнер орталығында ұлы ойшыл, ақын, философ Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай «Абай» операсының премьерасы өтті. Премьераны облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, қоғамдық кеңес мүшелері, қала тұрғындары тамашалады. «Абай» трагедиясы - еліміздің мәдени өмірін дүр сілкіндірген қайталанбас кесек туынды. XX ғасырдың 30-40 жылдары қолға алынып, М.Өуезов шығармашылығының маңызды бағыты болған Абайдай ғұлманың тақырыбы, қайталанбас келбеті оқырмандарынан бұрын сахнада сомдалған бейнесі арқылы халқының жүрегінен орын алды. Мұхтар Өуезовтің либреттосына жазылған Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің айтулы операсы тек жақсы мен заманның айқасын

бейнелеген қойылым ғана емес, қазақ халқының жан дүниесінің алуандығы мен тереңдігін көрсететін айна, көшпелі өмірдің бірегей салты мен философиясын паш ететін тағылымды туынды.

Кейіпкердің ой тереңдігін, сөзінің өткірлігін, тіл шеберлігін, азамат ретіндегі беделін филармония әртістері негізгі қалпын сақтап, асқан шеберлікпен көрермен қауымға жеткізді.

Ерекше классика кешін халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты Рустам Рысмағамбетовтің дирижерлік етуімен облыстық симфония оркестрі сүйемелдеді. Оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Мүсілім Өмзе. Тұтас сахналанған операға аралас хор ұжымы (көркемдік жетекшісі – А.Қуаныш), «Томирис» би ансамблі (көркемдік жетекшісі – халықаралық

және республикалық конкурстардың лауреаты М. Тойбазарова), «Ai-Arui» заманауи би ансамблі (көркемдік жетекшісі – халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты З.Стықбаева), «Әдемі» балалар музыкалық театр-студиясы, (көркемдік жетекшісі – Қ.Боранбаев) және филармония солистері қатысып, көрерменге маңызы терең, философияға толы мәдени демалыс сыйлады.

Операның қоюшы режиссері – Мәдениет саласының үздігі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Әзиза Іздікұлова.

Абайдың жеке өмірі, шығармашылығы мен оны тұлға ретінде айшықтауға арналған бұл туынды ұлттық рухты оятатын, қоғамды бірлікке бастайтын зор қозғаушы күшке ие. Абай шығармашылығын, оның ғұмынамалық, мәдени-рухани мұраларын сан-алуан үлгіде насихаттау қазіргі қазақ руханияты үшін аса қажет.

Астанада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен ауыл әкімдерінің диалог-платформасы өтті. Президент өз сөзінде ауылды өркендету, ауыл әкімдері институтын одан әрі жетілдіру міндеттерін атап өтті. Сондай-ақ, еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды мәселелеріне тоқталды.

- «Бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша. Еліміздегі барлық деңгейдегі атқарушы билік өкілдері осы жерге арнайы шақырылды. Ауыл әкімдерінің басым көпшілігі, яғни 80 пайызы осында. Жалпы, осындай ауқымды құраммен алғаш рет бас қосып отырмыз. Шын мәнінде, тақырып өте өзекті. Ауылдың жағдайы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Себебі халқымыздың тамыры ауылда. Ауылдарымыз мықты болса, еліміз де берекелі болмақ. Сондықтан ауыл әкімдеріне қойылатын талап та, оларға жүктелетін міндет те әрдайым ерекше», – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Үкіметке экономиканың тұрақты сапалы өсімін қамтамасыз ету, инфляцияны төмендетіп, халықтың табысын арттыру арқылы тұрмыс жағдайын жақсарту, жеке секторды дамытып, өндірісті жандандыруды тапсырды.

Диалог-платформа аясында «Клиентке бағдарланған сервистік мемлекеттік қызмет: диалог, кәсібилік, ашықтық» сессиясы өтті. Күн тәртібінде мемлекеттік басқарудың сапасын жергілікті деңгейде арттырудың заманауи тәсілдерін талқылау, мемлекеттік аппараттың жұмысында сервистік, клиентке бағдарланған үлгіні дамыту мәселелері талқыланды. Оған Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, «Жергілікті деңгейдегі көшбасшылық: ауыл әкімі – өзгерістердің агенті» тақырыбында баяндама жасады.

Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы алғаш рет республиканың барлық өңірлерінен келген ауыл әкімдерімен диалог-платформасында кездесті.

Жиында Президентіміз «Ауылдың жағдайы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Себебі халқымыздың

Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Халықпен тиімді кері байланыс орнату – жергілікті басқарудың негізгі қағидаты болуы тиіс» деген болатын. Ауыл әкімдерінің қызметі тек өкімшілік міндеттермен шектелмейді. Олар қоғаммен тікелей жұмыс жүргізіп, тұрғындардың пікіріне құлақ асып, халықтың сенімін ақтау бағытында күнделікті жүйелі еңбек етеді. Ауылды дамыту – әкімдердің іскерлік қарым-қабілетіне, жауапкершілігіне, шынайы жанашырлығына тікелей байланысты. Әкімдер – басқарушы ғана емес, ауыл болашағын халықпен бірге жасайтын нағыз көшбасшылар.

тамыры – ауылда. Ауылдарымыз мықты болса, еліміз де берекелі болмақ. Сондықтан ауыл әкімдеріне қойылатын талап та, оларға жүктелетін міндет те әрдайым ерекше», - деп, ауылды өркендету, ауыл әкімдері институтын одан әрі жетілдіру жөнінде міндеттерді айқындап берді.

Еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды мәселелері бойынша ұсыныстар айтылды.

Президентіміздің бастамасымен жүргізілген конституциялық, әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттік басқару жүйесіндегі реформалар Қазақстанның жаңа тарихындағы маңызды оқиға болды. Бұл мемлекеттің негізгі институттары арасында билік өкілеттіктерін қайта бөлу арқылы барынша әділ саяси жүйе құруға мүмкіндік беруде.

Ұлттық экономиканы дамыту ісі халықтың әл-ауқатын жақсартуға, Қазақстанның Орталық Азиядағы көшбасшылық рөлін сақтауға, халықаралық беделін күшейтуге бағытталуда.

Кез келген жалпыұлттық реформа тек мазмұнымен ғана емес, өз кеңістігімен де мәнді. Себебі әрбір өзгерістердің негізі – еліміздің өңірлерінде. Өйткені мемлекет өңірлерден құралады. Сол жерде халық өмір сүреді, еңбектенеді, жаңа идеяларды жүзеге асырады. Реформалар да ауыл-аймақтардағы нақты іс пен нәтиже арқылы жүзеге асады.

Президентіміздің бастамасымен енгізілген саяси реформаның бірі қала, аудан, ауыл әкімдерін тікелей сайлау. Әкімдер халық таңдауымен сайланып, қызметке келуде.

Бұл бастама халықтың саяси белсенділігін арттырып, тұрғындарды жергілікті өзін-өзі басқару ісіне тартуға мол мүмкіндік берді. Әкімдер енді тек тағайындалатын емес, халықтың сенім мандатын алған жауапты тұлға.

Осы бағыттағы жұмыстар Қызылорда облысында нәтижелі ұйымдастырылуда.

Бүгінде өңіріміздің 447 мың тұрғыны, негізі аймақтағы жалпы халық саны 845 мың адам, яғни халықтың 53 пайызы ауылдарда тұрады.

Өңірде барлығы 146 кент пен ауылдық округ бар. Оның ішінде 2-уі аудандық маңызы бар қала, 12-сі кент, 132-сі ауылдық округ.

Жаңа сайлау жүйесі қолданысқа енгізілгеннен бастап 205 өкімнің сайлауы өткізілді.

Қызылорда облысындағы барлық елді мекен әкімдері 100 пайыз жаңадан сайланды. Олардың 117-і «AMANAT» партиясынан ұсынылса, қалған 88 өкім өзін-өзі ұсынған.

2023 жылы пилоттық жоба аясында Шиелі, Сырдария аудандарының әкімдері сайланса, биыл Қазалы ауданының өкімі халық таңдауы арқылы қызметке келді.

Бұл елдегі демократиялық процестерді дамытуға, жергілікті билік органдарының ашықтығы мен есептілігін арттыруға елеулі серпін беріп, әкімдердің жауапкершілігін арттыруда.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ауыл – біздің алтын бесігіміз. Ауылдағы тіршілік сапасын жақсартпай, жалпы ұлттық дамуды елестету мүмкін емес» деген болатын.

Мемлекет басшысы 2022 жылдың қараша айында Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына кіріскеннен кейін ең алғашқы Жарлығымен Үкіметке «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын» қабылдауды тапсырған болатын.

Президентіміздің ауылды дамыту, аймақтардың әлеуетін арттыру, тұрғындардың өмір сапасын жақсарту, оларды елдегі саяси-экономикалық процестерге белсене қатыстыру жөніндегі бастамалары стратегиялық маңызға ие.

Мемлекет тарапынан жасалған қолдауды тиімді әрі мақсатты пайдаланып, ауыл халқының табысын арттыру, тұрмыс жағдайын жақсартуды ұйымдастыру – әкімдердің негізгі міндеті.

Мемлекет басшымыз ұсынған «Қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидаты барлық өңірлерде өндіріс нысандары іске қосылып, шалғай елді мекендерге ауыз су, газ тартылып, жол мен заманы әлеуметтік нысандар салынып, халқымыздың тұрмыс сапасын жақсартуға оң ықпал етуде.

Президентіміздің ауылдарды дамытуға жасаған қолдауын Қызылорда облысынан айқын көруге болады.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен биыл облыс бюджеті 851 млрд. 300 млн. теңгені құрап, 2021 жылдан бері 246 пайызға өсті. Оның 56 пайызы әлеуметтік салаға бағытталды.

Даму бюджетінің көлемі 2021 жылы 47 млрд. теңге болса, биыл 207 млрд. теңгеге жетіп, 4,4 есеге артты.

Өңірімізде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуда.

Инвестиция көлемі 2021 жылмен салыстырғанда биыл 233 пайызға артады. Жыл соңына дейін 720 млрд-тенгеден астам инвестиция тартылады. Жеке инвестициялық үлесі 70 пайызды құрайды.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында бекітілген арнайы әдістемеге сәйкес Сыр өңірінде 59 тірек, 43 спутник елді мекендер айқындалған.

ЖОБАЛАР “ҚЫЗЫЛ АЙМАҚҚА” ТҮСПЕУІ КЕРЕК...

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өңірлік инвестициялық штаб отырысы өтті. Күн тәртібінде инвестициялық сұйытылған газбен қамтамасыз ету мәселесі талқыланған мәжіліс өтті. Жиынға жауапты сала басшылары қатысып, талқылау барысында нақты тапсырмалар жүктелді.

– «Мемлекет басшымыздың тапсырмасына сәйкес еліміздің инвестициялық ахуалын жақсарту мақсатында Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа жұмыс жасауда. Оның қызметі Үкімет басшысының тікелей бақылауында. Платформа жұмысын сапалы әрі уақытылы жүргізу керек. Пулға енгізілген жобаларға тұрақты мониторинг жүргізіп, іске асыру барысын бақылау, қолдау көрсету, одан туындайтын мәселелерді дер кезінде шешуіміз қажет.

Жобалардың «қызыл аймаққа» түспеуін қатаң бақылауға алыңыздар. Аталған жұмыстардың нақты орындалуына басқарма басшылары, қала және аудан әкімдері тікелей жауапты болады», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Басқосуда облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы, Жалағаш, Сырдария, Қармақшы аудандарының әкімдері баяндама жасап, инвестициялық жобалардың қазіргі ахуалына тоқталды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес облыста инвестициялық ахуалды жақсарту бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Биыл өңірге 631,4 млрд. теңге инвестиция тарту жоспары бекітілген болса, 10 айдың қорытындысымен 602,7 млрд. теңге игеріліп, меже 95,5 пайызға орындалды. Жыл соңына дейін инвестиция көлемін 720 млрд. теңгеге жеткізу көзделген.

Экономиканы әртараптандыру мақсатында 2,8 трлн. теңгенің 98 жобасы жүзеге асырылуда. Олар іске қосылғанда 12 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Пул жалпыұлттық және өңірлік жобалардан тұрады.

Биыл облыста 27 ірі жобаны ел игілігіне айналдыру жоспарланған. Қазір оның 12-сі пайдалануға берілді. Өңірлік пулға енгізілген 27 шағын жоба болса, оның 23-і жүзеге асты, қалған 4-еуі жыл соңына дейін іске қосылады.

“ГАЗ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАН ЖАСАМАҢЫЗДАР”

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өңір тұрғындарын сұйытылған газбен қамтамасыз ету мәселесі талқыланған мәжіліс өтті. Жиынға жауапты сала басшылары қатысып, талқылау барысында нақты тапсырмалар жүктелді.

– «Бүгінге дейін сұйытылған газды төмендетілген бағамен сатып алғанның арқасында пайда тауып келесіздер. Мен былтыр да қатаң ескерттім, әлеуметтік газды тек халыққа сату керек. Коммерциялық газды өз қаражаттарыңызға алыңыздар.

Тұрғындарды толықтай қамтамасыз ету үшін қымбат болса да, басқа көздерден коммерциялық газды жедел жеткізіп, халыққа әлеуметтік бағамен сатыңыздар. Аймаққа бөлінген газды өнеркәсіп нысандарына, басқа өңірлерге сатуды доғарып, тапшылықты қолдан жасамаңыздар.

Өңір тұрғындарының қажеттілігін толығымен өтеу үшін тиісті шаралар қабылдаңыздар. Ортақ мақсатымызға қол жеткізуде өзара түсіністікпен, жауапкершілікпен жұмыс жасаймыз деп сенемін.

Алыпсатарлық әрекеттерге жол бермеу үшін реттеу және бақылау керек. Бөлінген газ басқа өңірлерге тасымалданбау үшін облыс шекарасына тәулік бойы кезекшілік орнатуды және оны күшейтуді тапсырамын. Заңды түрде тіркелмей, автокөліктерге сұйытылған газ қондырғыларын орнату фактілерін анықтау мақсатында рейдтік тексерулер жүргізіп, тиісті шаралар қабылдаңыздар», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Бүгінде облыстағы 16 оператор 144 автогаз құю станциясы және 6 газ сақтау қоймасы арқылы сұйытылған газ сатумен айналысады.

Облыстық полиция департаменті аймаққа бөлінген газдың басқа өңірлерге шықпауын қадағалау үшін тәулік бойы жұмыс істейтін бақылау бекеттерін орналастырған. Бекеттер «Қарабұтақ-Қызылорда-Шымкент» автожолының Арал ауданындағы 1363-903-ші шақырымына, аталған трассаның Жаңа-қорғандағы 1998-268-ші шақырымына және «Қызылорда-Жезқазған» жолының 12-ші шақырымына қойылған.

Жанар-жағармай мен газ тапшылығына жол бермеуде жергілікті атқарушы орган, экономикалық тергеп-тексеру, мемлекеттік кірістер және бәсекелестікті қорғау департаменттерінің өкілдерінен құралған өңірлік штаб жұмыс істейді.

Қазір облыста сұйытылған мұнай газының шамамен 892,1 тонна қоры бар.

ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті	Кұдайбергенов Ринат Мәжитұлы	Департамент басшысы	Сәрсенбі Сағат 16-00 ден 18-00 дейін	Қызылорда қаласы Д.Қонаев көшесі 7А	27-03-01
	Әбдрәсіл Нұрлыбек Қосқанұлы	Департамент басшысының орынбасары	Сейсенбі Сағат 17-00 ден 18-00 дейін	Қызылорда қаласы Д.Қонаев көшесі 7А	27-03-01

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті 8724-2-270301 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

2026ЖЫЛҒЫ І ТОҚСАНДАҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫЛАРЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.Ә.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті	Байсариев Қалмұханбет Сапарбекұлы	Байсариев Қалмұханбет Сапарбекұлыбасшы	Сәрсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰	Қызылорда қаласы Д. Қонаев көшесі, 7А	8724-2-262362
	Бердиева Жамалхан Қонақбаевна	Бердиева Жамалхан Қонақбаевна басшының орынбасары	Сейсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8724-2-262140
	Келдибаева Данагүл Қылышбековна	Келдибаева Данагүл Қылышбековна басшының орынбасары	Дүйсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8724-2-274959
	Ақмырзаев Мамбетәлі Сейтжапбарұлы	Ақмырзаев Мамбетәлі Сейтжапбарұлы басшының орынбасары	Бейсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8724-2-262201

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда облысының Қазынашылық департаменті (8724) 26-17-84 «сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлайды. Аудандық, қалалық қазынашылық басқармалар бойынша: Арал (8724-33)22384, Қазалы (8724-38)22101, Байқоңыр (8336-2)273818, Қармақшы (8724-37)21443, Сырдария (8724-36)21351, Жалағаш (8724-31)31831, Шиелі (8724-32)41067, Жаңақорған (8724-35)22083.

2026 ЖЫЛДЫҢ 1 -ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫНЫҢ ЖӘНЕ ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

р/с	Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Байланыс телефоны	Қабылдау күні мен уақыты
1	Күзембаев Ербол Кабаштаевич	Департамент басшысы	23-38-09	әр аптаның сәрсенбісі, сағат 15:00-16:00-ге дейін
2	Умербаева Майрамкуль Ахатовна	Департамент басшысының орынбасары	23-37-35	әр аптаның жұмасы, сағат 16:00-17:00-ге дейін
3	Сапарбеков Куанышбек Тастемирович	Департамент басшысының орынбасары	20-22-20	әр аптаның бейсенбісі, сағат 16:00-17:00-ге дейін

Мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Жалаңтөс Баһадүр көшесі №2. Байланыс телефоны: 8 (7242) 23-38-09. E-mail& fink.kyzyl@mailinf.gov.kz

Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 2025 жылдың 1 желтоқсанындағы № 67 - Ө бұйрығына қосымша. Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті басшысының 2026 жылдың І тоқсанына арналған жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау К Е С Т Е С І

Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушының аты, жөні	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушының лауазымы	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны
Омаров Серик Серикбаевич	департамент басшысы	сейсенбі, бейсенбі 16-00 ден 17-00 ге дейін	Байқоңыр қаласы, Совет Армия көшесі, 11 үй	8 /336 22/ 7-64-11

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» (Мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік әдеп қағидалары) және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 - V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы Министрілігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде **8(33622) 7-63-22** нөмірлі «**Сенім телефоны**» күнделікті жұмыс уақытында (8:30-дан 18:00-ге дейін, үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін) жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

2025 жылғы 4-тоқсанында Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі

№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Жалағаш кенті	Садыков Талгат Куракбаевич	Бөлім басшысы	Сәрсенбі 16.00 ден 18.00-ге дейін	Жалағаш кенті, Ұлы Женістің 50 жылдығы К-сі, №20	8(724-31) 21-3-91

Қызылорда облысы, Сырдария ауданы Асқар Тоқмағанбетов ауылдық округі әкімінің2026 жылдың І тоқсанында азаматтарды жеке тұлғалар және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Курманалиев Нурлан Маханбетжанович	Ауылдық округінің әкімі	әр жұма сайын сағат 15-00 ден 17-00 ге дейін.	Асқар Тоқмағанбетов ауылы, Абай көшесі №1	8(72436) 25-1-44

МЕНШІК ИЕСІ: «Желтоқсан и К» ЖШС Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН	Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1 Телефон: 23-16-08 23-16-11	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINТ» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның руқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді
---	--	--	--	--

ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНДА ПӘТЕРЛЕР, ТҰРҒЫН ЕМЕС ҮЙ-ЖАЙЛАР МЕНШІК ИЕЛЕРІНІҢ КӨППӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙДЕ ЛИФТІЛЕРДІ ЖӨНДЕУГЕ ЖӘНЕ АУЫСТЫРУҒА, КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚШАНЫ ҚАЙТАРУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 10-3-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына, Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағының 16-5) тармақшасына сәйкес, Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жаңақорған ауданында пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің көппәтерлі тұрғын үйде лифтілерді жөндеуге және ауыстыруға, күрделі жөндеуге байланысты ақшаны қайтаруын қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы	Аты-жөні
----------	----------

ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПРАВИЛ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ВОЗВРАТНОСТИ ДЕНЕГ СОБСТВЕННИКАМИ КВАРТИР, НЕЖИЛЫХ ПОМЕЩЕНИЙ, СВЯЗАННЫХ С РЕМОНТОМ И ЗАМЕНОЙ ЛИФТОВ, КАПИТАЛЬНЫМ РЕМОНТОМ МНОГOKBAPТИРНОГО ЖИЛОГО ДОМА В ЖАНАКОРГАНСКОМ РАЙОНЕ

В соответствии с подпунктом 11) пункта 2 статьи 10-3 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях», подпунктом 16-5 пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат Жанакорганского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

- Утвердить Правила обеспечения возвратности денег собственниками квартир, нежилых помещений, связанных с ремонтом и заменой лифтов, капитальным ремонтом многоквартирного жилого дома в Жанакорганском районе согласно приложению к настоящему постановлению.
- Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Жанакорганского района.
- Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность	ФИО
-----------	-----

«ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНДА КОММУНАЛДЫҚ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 16 АҚПАНДАҒЫ №574 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- «Жаңақорған ауданында коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 16 ақпандағы №574 қаулысына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің этолондық бақылау банкінде электрондық түрде 2022 жылғы 25 ақпанда жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:
көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы	Аты-жөні
----------	----------

О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЯ В ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА ЖАНАКОРГАНСКОГО РАЙОНА ОТ 16 ФЕВРАЛЯ 2022 ГОДА №574 «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПРАВИЛ ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ КОММУНАЛЬНЫХ УСЛУГ В ЖАНАКОРГАНСКОМ РАЙОНЕ»

акимат Жанакорганского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

- Внести в постановление акимата Жанакорганского района от 16 февраля 2022 года №574 «Об утверждении Правил предоставления коммунальных услуг в Жанакорганском районе» (опубликовано в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде 25 февраля 2022года) следующее изменение:
приложение указанного постановления изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему постановлению.
- Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Жанакорганского района.
- Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность	ФИО
-----------	-----

СУ АЙДЫНЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

«Қармақшы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-сі аудан аймағындағы балық шаруашылығы су айлындарымен учаскелерінде балықтармен басқа да су жануарларының қырылу қаупін болдырмау алдын алу мақсатында мұз ойықтарын ойып, қамыс бумалары арқылы ауа беру жұмыстарын жүргізуге және мұз үстінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау кергін ескертеміз.

«Қармақшы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-сі

2025 жылғы IV тоқсанда Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	Дүйсенбиева Бибіәсия Аманжолқызы	«Жалағаш ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы	Сәрсенбі күні сағат 15:00 ден 17:00-ге дейін	Апта сайын

Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

ПРЕЗИДЕНТІМІЗДІҢ АУЫЛДАРДЫ ДАМУЫҒА ЖАСАҒАН ҚОЛДАУЫН ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНАН АЙҚЫН КӨРУГЕ БОЛАДЫ

2022-2024 жылдары жоба аясында 78 ауылдарда әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға бағытталған 31 млрд. 600 млн.теңгеге 343 жоба жүзеге асырылды.

Биыл 41 елді мекендерде 66 жоба- ны іске асыруға 15 млрд. 100 млн. теңге бөлінді. Таратып айтар болсақ *республикалық бюджеттен 9,6 млрд. теңге, облыстық бюджеттен 5,5 млрд. теңге.*

2022-2025 жылдары 1 600 шақырым автомобиль жолдары мен 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуден өткізуге 150 млрд.теңгеге жуық қаржы қаралды. Биыл жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетеді.

Мемлекет басшымыздың тапсырмасына сәйкес биыл барлық елді мекендер 100 пайыз орталықтандырылған сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілді.

Аймағымызда 2021 жылдың соңында газдандыру деңгейі 67 пайыз болатын. 2022 жылдан бастап 63 млрд. 600 млн.теңгеге 77 жоба жүзеге асырылды.

Биыл облыстағы газдандыру көрсеткіші 83 пайызға жетеді.

Ауылдардағы1 310 шақырым электр желілерімен қондырғыларын қайта жаңғырту мақсатында 20 млрд. теңгеге 74 жоба жүзеге асырылды.

Адамдардың ауылдық жерде

тұрақталуында білім саласының орны ерекше. Әрине, әрбір ата-ана өз баласының заман талабына сай білім алғанын қалайды. Осы бағытта өңірде Мемлекет басшымыздың қала мен ауыл мектептерінің айырмашылығын барынша азайту туралы тапсырмалары күн тәртібінен түспей, жүзеге асырылуда.

2022-2025 жылдары Қызылорда облысының ауылдық елді мекендерінде 36 млрд.600 млн. теңгеге 26 білім нысаны салынып, ел игілігіне берілді.

Оның ішінде өңірде салынған 10 «Келешек мектептерінің» 5-уі ауылдарда ашылды.

Соңғы үш жылда 5 млрд. 300 млн. теңгеге 15 мектептің ғимараттарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Ауыл балаларын қосымша біліммен қамтамасыз ету мақсатында 3 млрд. теңгеден астам қаржыға облысымыздың Жалағаш, Жаңақорған, Шиелі аудандарында Оқушылар үйі мен Өнер мектептері салынды.

Облыста ауыл халқына сапалы медициналық қызметтерді көрсетуге барлық жағдайлар жасалуда.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңіріміздің барлық аудандарында 10 млрд. 763 млн. теңгеге 28 медициналық нысан салынды.

Осылайша нормативке сәйкес ауылдық елді мекендердегі медици-

налық санитариялық алғашқы көмек көрсету ұйымдарының ғимараттарын салу мәселесі толығымен шешілді.

9 млрд. 800 млн. теңгеге 4 аудандағы орталық ауруханалар жанынан жаңа қосымша ғимараттар салынуда.

Шиелі, Арал аудандарында жұқпалы аурулар бөлімшелерінің ғимараттарын салуға 4 млрд. 500 млн. теңге бөлінді.

Шиелі ауданында жаңа ғимарат пайдалануға берілді. Аралдағы нысан жыл соңына дейін ел игілігіне табысталады.

Халық суранысына сәйкес соңғы 2 жылда жергілікті бюджеттен 5 млрд. 400 млн. теңгеге 225 жаңа санитарлық автокөлік, 45 жедел жәрдем көлігі алынып, барлық елді мекендер санитарлық автокөлікпен 100 пайыз қамтылды.

Президентіміздің «Адал азамат» тұжырымдамасы аясында өңіріміздегі барлық ауылдық мәдениет үйлерінде 7 бағыт бойынша «Адал адам – Мәдени-тәрбие орталығы» ашылды.

2022 жылдан бері өңірімізде жаңадан 19 мәдениет нысаны бой көтеріп, ел игілігіне берілді. Бұны да таратып айтар болсақ, *7 Руханият орталығы, 8 ауылдық клуб, Анаға тағзым, Өнер, Отбасы орталықтары, облыстық тарихи-өлкетану музейі* көпшілік көзайымына айналып отыр.

«БІРЛІГІ БЕКЕМ СЫР ЕЛІ» ФОРУМЫ

Қызылордада «Бірлігі бекем Сыр елі» атты облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының республикалық форумы өтті.

Оған облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шерманбет, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, «Адал азамат» жобасының жетекшісі – амбасадоры, Қарағанды облыстық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бекзат Алтынбеков және Жамбыл облыстық «Қоғамдық келісім» мекемесінің директоры Мұбарак Жинақбаева арнайы қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары атаулы жылда атқарылған жұмыстарға тоқталып, форумға қатысушыларға сәттілік тіледі.

–«Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының отыз төртінші сессиясында сөйлеген сөзінде: «Былтыр еліміздің рухани және тарихи-мәдени ордасы Түркістанда жаңа Достық үйі ашылды. Достық үйлері тағы бірнеше қала мен аудан орталығында ашылады деп жоспарлануда. Мен бұл бастаманы қолдаймын. Біз қоғамдық келісім инфрақұрылымын біртіндеп кеңейте беруіміз керек» - деген болатын.

Биылғы Ассамблеяның 30 жылдығы аясында баршамыз үшін қуанышты жаңалық - Қызылорда қаласында жаңадан «Достық үйі» салынды. Бұл – аймағымыздың бірлігі мен ынтымағын нығайтуға атсалысып келе жатқан этномәдени

бірлестіктер мен барша Ассамблея белсенділерінің қажеттіліктерін қамтамасыз ететін замануи ғимарат болады», - деді Мейрамбек Зинабдинұлы.

Форумда Бекзат Қомарұлы, Мүбәрәк Қасымқызы, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары Дильфура Бакишқызы сөз сөйлеп, пікір білдірді.

Аймақта Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы мен 1 наурыз – Алғыс айту күніне арналған мерекелік іс-шарадан бастау алған мерейлі жыл аясында ауқымды жұмыс атқарылды. Сәуір айында еліміздің барлық өңірінен келген Ассамблея жастарының басын қосқан «Сыр елі – достық мекені» форумы ұйымдастырылып, қатысушылар Байқоңыр ғарыш айлағына барды. Онда Ассамблея жастарының Туы ғарыш кемесінің бортына табысталып, қонақтар зымыран ұшырылымын тамашалады.

Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған мерекелік медальдар өңірдегі белсенді Ассамблея мүшелеріне салтанатты түрде табысталды.

Сонымен қатар облыстағы этномәдени бірлестіктердің онкүндіктері өткізіліп, аудан орталықтарына «Достық» көш-керуені жол тартты. Бұл шаралар мерейлі жылдың мазмұнын байытып, мәнін айшықтай түсті.

Қызылорда қаласының әкімі Н.АХАТОВ:

"КЕЛЕР ЖЫЛДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТІПТІ ЖОҒАРЫ"

Мемлекет басшысының, Үкіметтің тұрақты қолдауы негізінде және облыс әкімінің ұтымды үйлестіруімен өңірде, оның ішінде қаламызда қарқынды жұмыстар атқарылуда.

Жасампаз жобалар мен ілкімді істер жерлес-теріміздің өмір сүру сапасын арттырып қана қоймай, кемел келешекке деген сенімін еселей түсті.

Аймақта жүзеге асқан табысты жұмыстардың 80 пайызға жуығы қаланың үлесінде. Соңғы үш жылда бой көтерген озық үлгідегі әлеуметтік нысандар, халық сұранысына сай ашылған кәсіпорындар, өңір әлеуетін арттырар ірі инвестициялық жобалар туған өлкеміздің дамуына тың серпін берді.

Оған қоса «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасының игілігімен Қызылорда еліміздегі ең таза қалаға айналып, тұрғындарымыздың тазалық этикасы мен ортақ мүддеге жанашырлық көзқарасы қалыптасты.

Осындай батыл бастамалары мен ынтымаққа сүйесін халқы бар Алаштың анасы - Сыр елінің сәулеті асып, дәулеті тасыды. Аймақтар ара-сында айбары асқақ алғашқы астананың даму үлгісімен танысу үшін әр өңірден делегациялар Қызылордамызға жиі ат басын бұратын болды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының баста-масымен облысымызда халықаралық деңгейдегі форумдар, республика дәрежесіндегі семинарлар, ұйымдық жиындар өтіп, іс-тәжірибеміздің тағы-лымы тарайды.

Қызылорда қаласында өткен Халықаралық «Урбан Фест - 2025» және «Аналар» форумы, мәслихат төрағалары мен облыс әкімдерінің орынбасарлары бас қосқан жиындар, Абай мен Жамбыл облыстары делегациясының сапарлары, республикалық Ардагерлер кеңесінің көшпелі мәжілісі сияқты ірі шаралар арқылы өңірдің бүгінгі мен болашағы сараланды. Келген мәртебелі меймандар қасиетті елдің құтты қадамына тілек-тестіктерін білдірді.

Өңір өміріндегі тарихи күн - 2025 жылдың 30 қазанында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

Кемелұлы облысымызға жұмыс сапарымен келді.

Ел Президенті жұмыс сапарында бірқатар нысанның жұмысымен танысып, Қызылорданың даму қарқынына көңілі толды. Және «облыс жалпы, жақсы дамып келе жатыр. Қарқыны бар, жоғары. Әкімге мен ризашылығымды айттым. Сондықтан бірге әрі қарай жұмыс жасай береміз», - деп, облыста атқарылған жұмыстарға, сонымен қатар Нұрлыбек Машбекұлының іскерлік, ұйым-дастырушылық қасиеті мен қажырлы қызметіне оң бағасын берді.

Әрине, Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен және аймақ басшысының тегеурінді талабымен барлық жұмыс үйлесімін тауып, есім қалыптасты.

Облыс бюджеті **3 жылда 364 млрд. теңгеден 851,3 млрд .теңгеге дейін** өсті. Ал, қала

динамика қалыптасуда. Аймақ басшысының қолдауымен қала жолдары жөнделіп, көшелеріміздің аясы кеңіді. Бұл салаға **20 млрд. теңгеден астам** қаржы бағытталды.

Абаттандыру ісінде де нәтиже жетерлік. Бұл жобаларға **33 млрд. 341 млн. теңге** бөлінді.

Халықты баспанамен қамтуда республикада алдыңғы орындамыз. Яғни, көпқабатты **тұрғын үйлерді салу мен сатып алу үшін 42 млрд.206 млн. теңге жұмсалды.**

Тұрғындарымыз 100 пайыз сапа-лы ауыз сумен қамтылып, бөлінген **6 млрд. 413 млн теңгеге** қосымша жұмыстар атқарылды.



соңында қайта жаңғыртудан өтіп жатқан Президент саябағын пайдалануға беретін боламыз.

Ал, саябақ ішінде жыл бойы жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагерінің және Ботаникалық білім беру орталығының құрылысы көктем шыға аяқталып, ел игілігіне табысталады.

Биыл Бұрабай төрінде өткен Ұлттық Құрылтай-да Мемлекет басшысы ауқымды тақырыптарды қамтып, елдігіміздің бағыт-бағдарын айқындайтын бірқатар өзекті мәселелерге тоқталғаны белгілі.

Президент өз сөзінде: «Биыл ел астанасын Қызылордаға көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына жүз жыл толуда. Осы ретте Құрылтайдың келесі отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынамын» деген болатын.

Расында биылғы жылды тарихи тағылымға толы жыл ретінде атап өтсек, келер жылдың жауапкершілігі мұнан да жоғары. Өйткені, тағдыршешті мәселе көтерілетін алқалы жиын – Ұлттық Құрылтайдың отырысы Сырдың бас шаһарында белгіленіп отыр.

ӨРТ КӨП, ШЫҒЫН АЗ...

Қызылорда қаласы көлемінде биылғы жылы 97 өрт оқиғасы орын алды. Былтырғы жылы 69 өрт болып еді. Демек биыл өрт 30 %-ға көбейді.

Аталған өрт оқиғаларынан 2 млн. 900 000 теңге шығын келді. Бұл 2024 жылғы 4 млн. 225 мың 050 теңгее өрт шығынмен салыстырғанда 31,4% азайған. Биылғы өрт салдарынан 2 адам жарақат алды.

Биылғы жылғы 12 өрт объектілердегі шығыны 1100 000 теңге: тұрғын үй секторында 54 өрт, шығыны 7 970 000 теңге; автокөліктерде 23 өрт, шығыны жоқ; басқа да 8 өрттер, шығыны 400 000 теңгені құрады.

Өрттің шығу себептерінің басым бөлігі: қоқыс жағу, ашық от қою және электр жабдықтарын, қондырғыларын, желілерін құру, пайдалану ережесінің бұзылуы, ток сымдарының қысқаша тұйықталуы болып отыр.

2025 жылдың І-ші тоқсанында өрт қауіпсіздігінің алдын алу және болдырмау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында 195 материал жарияланды. Оның ішінде телеарналарда - 14 , радио және дауыс күшейткіш құралдары арқылы шығулар –66, баспасөз беттеріне - 26 материал орналасты.

Сонымен қатар facebook, Instagram, Тик-ток сияқты әлеуметтік желілерде төтенше жағдайлардың алдын алу және азаматтық қорғау органдарының имиджін көтеру мақсатында 69 видеороликтер мен материалдар жарияланып, әлеуметтік желідегі қаралым саны 700 000-ды құрады.

Сондай-ақ Қызылорда қаласындағы білім беру нысандарында 25 рет «Тұрмыстық өрттердің себебі мен өрт қауіпсіздік ережелері туралы» және «Көмірқышқыл газынан сақтан», «Балаларды бақылаусыз қалдырма» тақырыптарында сабақтар өткізілді, барлығы 2297 оқушылар мен мұғалімдер қамтылды.

Өрт қауіпті кезеңі басталуына байланысты Қызылорда қаласы аумағында өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында маңызды шаралардың бірі

тұрғындарды ақпараттандыру. Осы ретте Қызылорда қаласында алғаш рет «Love» радиомен келісім шарт жасалып, жеке және жолаушылар тасымалдайтын автокөліктердің дауыс құрылғылары арқылы өрт қауіпсіздігі жөнінде хабарламалар тұрақты түрде



оқылуда. Осы арқылы тұрғындарды өрт қауіпсіздігі туралы ақпараттандыру шаралары жүйелі түрде жүргізіліп, халыққа өрт қауіпсіздігі туралы кеңінен түсінік беріліп, өрт қауіпіне қарсы ақпарат беруге септігін тигізеді.

2025-2026 жылғы жылу беру маусымында қала аумағында орналасқан 38 113 жеке тұрғын үй секторының ауласы араланып, 132 315 адамдарға тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді.

Қала тұрғындарымен электр және газ баллон жабдықтарын, пешті және газ пештерін қауіпсіз орнату, қолдану туралы өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша 65 рет кездесу ұйымдастырылды.

Сондай-ақ әлеуметтік тұрмысы төмен 5245 отбасылардың тізімі қалыптастырылып, қызметкерлермен толығымен қамтылды.

Департаменттің «Жылу беру маусымында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» 2025 жылғы 17 қыркүйектегі №224 бұйрығы негізінде Қызылорда қаласы аумағында әр

аптаның сәрсенбі және жұма күндері әр өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлеріне өз аймақтарында ӨСБ бастығының бақылауымен таралым өткізіп, шығу ауданында бекітілген тұрғын секторларын үгіт-насихат жұмыстары, ал сенбі күнгі іс-шараны қалалық басқарманың бақылауымен әкімдіктермен және ішкі істер органдарымен ауқымды түрде ұйымдастырылуда.

Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы және АҚ «ҚазАймақГаз» қызметкерлерімен бірлесіп газ жабдықтарын пайдалану және орнату кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Қызылорда қаласы аумағында 67 әлеуметтік төмен тұрғын үйлерге табиғи газ анықтау датчигі орнатылды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 9 қарашада Алматы қаласының

«Перзент» жеке меншік балалар үйінің ғимаратында орын алған өрт оқиғасына сәйкес Қызылорда қаласы аумағында барлық ұқсас объектілерде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «№2 облыстық балаларды оңалту орталығы», «№5 арнайы мектеп-интернаты, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы», «Атамекен отбасы үлгісіндегі балалар үйі», «Қызылорда облысының Көмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» мекемелерінің ғимараттарында шартты өртті сөндіру бойынша өрт-тактикалық сабақтар өткізілді.

Инспекторлық құрамның қатысуымен балалар мен мекеме қызметкерлеріне қауіпсіз эвакуация бойынша бастапқы өрт сөндіру құралдарын дұрыс пайдалану бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Т.А.ТОҒЫЗБАЕВ
Төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары, азаматтық қорғау подполковнигі


ҮЛКЕН-КІШІГЕ БІРДЕЙ ЫҢҒАЙЛЫ...

Қалада қызылордалықтарға қолайлы жағдай жасау, тұрғындар үшін демалыс, серуен орындарын көптеп ашу бағытында үлкен жобалар жүзеге асуда.

Мәселен Президент саябағын қайта жаңғырту барысында қолға алынған абаттандыру жұмыстары, инфрақұрылымдық жобалар өте ауқымды.

Бас мердігер «Bi Global» ЖШС саябаққа 3 аллея, 6 субұрқақ, 5 амфитеатр, 7 балалар ойын алаңын, 4 спорт және 4 workout, 7 демалыс аймағын, 4 фудкорт, теннис үстелдерін, биіктігі 50 метр болатын айналмалы дөңгелек аттракцион, би алаңын, стритбол, вело және жүгіру жолақтарын, сахна, сарқырама каналдары мен көпірлер, шахмат, баскетбол және футбол алаңдарын, арқан саябағы мен модульдік санитарлық нысандар салуды жоспарлаған.

Сондай-ақ саябақта жыл он екі ай жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері мен Ботаникалық білім беру орталығы (қысқы бақ) бой көтеріп келеді. Бас мердігер Alem Quryls AQ ЖШС жобаға сәйкес спорт блогын, іс-шараларға арналған event-аймақ, тұрғын корпусстар, қонақ үй үлгісіндегі шағын ғимараттар, дәстүрлі киіз үйлер, ашық бассейн, стадион, футбол алаңы және сахна салады.



Қайта жаңғыртудан өткен Қорқыт ата саябағы да тұрғындардың демалуына, серуендеуіне және балалардың ойнауына қолайлы орынға айналды. Абаттандыру кезінде брусчатка төселіп, көгалдандырылды, субұрқақтар, спорт және балалар ойын алаңдары, серуен жолдары мен жарық шамдары орнатылды. Келушілерге арналған орындықтар, шағын сәулеттік нысандар қойылып, көгалдандыру және суару жүйесі жүргізілді.

Кейінгі жылдары қайта жаңғыртылған қалалық мәдени-демалыс паркі, орталық алаң, ботаникалық саябақ сияқты халық көп жиналатын, демалатын, серуендейтін орындардың саны артып келеді. Бұл демалыс орындары бір жағынан қала келбетін көріктендіре түссе, екінші жағынан үлкен-кішіге бірдей ыңғайлы.

ЖҰМЫСШЫ ТОПТЫҢ ЖҰМЫСЫ

Қызылорда қаласындағы жеке сектордағы тұрғын үй қасбеттерінің кемшіліктерін ретке келтіруді, санитарлық-норма талаптарын бақылайтын жұмысшы топ аралау жұмыстарын жүргізді.

Рейд барысында Ы.Жақаев көшесі, № 83 үйдің алдында құрылыс материалдарының көше бетте ашық жатқандығы анықталды. Ал, Т.Есетов көшесі бойындағы тұрғын үй қақпасына ілінген тозығы жеткен билборд жол бойының сәнін қашырып тұр. Түсі оңып кеткен сыртқы жарнама дереу алынып тасталды.



Келесі кезекте Т.Әубәкіров көшесінің бойында заң бұзушылыққа жол берген бірнеше тұрғын үй назарға ілікті. Сондай-ақ, құрылыс материалдарын бей-берекет тастап, жаяу жүргіншілер жолын бөгеген, қоқысы шашылып, үй төңірегін қамыс басқан, сондай-ақ көріз құдығының бетін ашық қалдырып, балалар өміріне қауіп төндірген жағдайлар белгілі болды.

Жұмысшы топ тиісті талаптарды өрескел бұзған үй иелеріне ескерту жасап, кемшіліктерді шұғыл түзеуді тапсырды. Рейд жұмыстары күнделікті жүргізілуде.

ТҮНГІ РЕЙДТЕР ТӘРТІПСІЗДІКТІ ТЕЖЕЙДІ...

Көмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтарды болдырмау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және түнгі уақыттағы қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында Қызылорда қаласы аумағында түнгі рейдтік жұмыстар ұйымдастырылуда. Қала әкімдігі жанынан арнайы бекітілген жұмысшы топ қоғамдық орындардағы жасөспірімдердің қозғалысы мен қауіпсіздігін жіті бақылауға алуда.

Шарада түнгі уақытта заң талаптарын бұзған жағдайлар тіркелсе, ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, заңнамалық жауапкершілік ескертілді. Сонымен қатар жасөспірімдердің қауіпсіз ортада уақыт өткізуі, олардың құқықтары мен міндеттері туралы айтылды.

Рейдке қатысушылар тұрғындарды балалардың кешкі уақыттағы жүріс-тұрысына аса жауапкершілікпен қарауға, қоғам болып тәртіп пен қауіпсіз ортаны қалыптастыруға шақырады.

АҒАШТАР ТА ЗАРУДА

Қызылорда қаласы аумағы жүйелі түрде көгалдандырылып, жасыл желек көлемі артуда.

Күн суытуына қарамастан ауа-райының қолайлы сәттерін тиімді пайдаланған «КазСтройКапитал» ЖШС-нің ұжымы жасыл желекті күтіп-ұстау, егу жұмыстарын атқаруда. Сонымен қатар, ағаштарды балақтау, өктеу, өңдеу, емдеу шараларын жүргізуде.



«АДАЛ АЗАМАТ, АДАЛ ЕҢБЕК, АДАЛ ТАБЫС» АТТЫ КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Қызылорда қаласындағы А.Тоқмағамбетов атындағы Мәдениет үйінде Қызылорда қаласында орналасқан жоғары және арнаулы оқу орындарының мамандары мен жоғары сынып оқушыларының қатысуымен «Адал азамат, адал еңбек, адал табыс» атты танымдық кездесу ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – қала мектептерінің жоғары сынып оқушыларына оқу орындарындағы мамандықтар туралы кеңінен мағлұмат беру, кәсіби бағдар беру, адал еңбек пен табандылық арқылы табысқа жету идеясын насихаттау болды.

ЖОЛДАР ЖАҚСАРУДА

Жол инфрақұрылымы өңір экономикасының маңызды, әрі күрделі саласы ретінде әрдайым әлеуетті жоба есебінде қарастырылып келеді. Қазір Қызылорда қаласы орталығымен қатар шет аймақ, кент пен ауылдық округтерде жолдарды жақсартуды көздеген ауқымды шаруалар атқарылууда. Солардың бірі деп Қызылөзек ауылдық округіндегі берекелі істерді атауға болады.

Бүгінде ауылдық округте 21 көше болса, оның 12-сі асфальтталған, 8 көшеге қиыршақ тас төселген. Биыл «Ауыл - Ел бесігі» жобасы аясында 2 көшеге жол құрылысы жүргізілсе, 2 көше күрделі жөнделуен өтті. Қазір 2,2 шақырымды құрайтын Мұхамедияр Жабағұлы атындағы көшеге орташа жөндеу жүргізілуде. Оған облыстық бюджеттен 67 млн. 266 мың теңге бөлінген. Мердігер «Tech Service KZ» ЖШС-гі жол құрылысын сапалы әрі уақытылы аяқтау үшін жұмысты жауапкершілікпен атқаруда. Жалпы жол инфрақұрылымын дамыту ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға, көлік қатынасын жақсартуға бағытталған нақты істердің бірі болып отыр.



СТАТИСТИКА: 29 ЖОБА – ҚАЛА СЕРПІЛІСІ

Ұлттық статистика бюросының облыстық статистика департаменті мәліметтеріне сәйкес, Қызылорда қаласының биылғы жылдың ІІІ-тоқсанындағы әлеуметтік – экономикалық дамуы бойынша өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі 351 647 млн. теңге, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен салыстырғанда 81,9%-ды құраған, облыстағы үлесі 50,8% болып отыр.

Мұнай ұңғымаларының сулануы салдарынан шикі мұнай өндіру көлемі 20,8% төмендеген.

Былтырғы жылы осы 8 айда 2 023,1 мың тонна мұнай өндірісе, 2025 жылы 8 айда 1 602,6 мың тонна өндіріліп отыр.

Өңдеуші өнеркәсіп саласында 64 602 млн. теңгеге өнім өндіріліп, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен салыстырғанда 100,2%-ға артқан. Облыстағы үлесі 25,3% болып отыр.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өнімінің көлемі 4 681,2 млн. теңгені құрап, өнімінің нақты көлемінің индексі өткен жылдың салыстырмалы кезеңінен 100,6%-ға артқан. Облыстағы үлесі 7,0%.

Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 204 738 млн. теңге болып, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен салыстырғанда 114,4%-ға артты. Облыстағы үлесі 50,2% болып отыр.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 89 942 млн. теңге болып, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 151,4%-ға артқан. Облыстағы үлесі 54,8%.

Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы 348 306 шаршы метрді құрап, өткен жылмен салыстырғанда 100,0%-ды құраған. Облыстағы үлесі 61,7%.

Қала бюджетінің 2025 жылдың 1 қыркүйегіне кірістер болжамы, *трансферттер мен зайымдарды қоса есептегенде* 75 004,5 млн. теңгені құрап, 79 586,7 млн. теңгеге немесе 106,1% орындалды. Оның ішінде өз кірістері болжанған 25 102,2 млн. теңгенің орнына 29 706,5 млн.теңгеге немесе 4 604,3 млн. теңгеге артығымен орындалған. (118,3%).

Қала бюджетінің шығыстар жоспары 75 832,5 млн. теңге болса, 75 759,5 млн. теңгеге жеткен, немесе 99,9% игерілген.

Биылғы жылдың ІҮ-ші тоқсанына іске асырылатын жобалар:

- **«Қызылорда - Нан» ЖШС**-нің «Нан-тоқаш, кондитерлік, макарондық өнімдер өндіру кешені». Құны **1,2 млрд.** теңге.
- **«Aksa Energy Qyzylorda» ЖШС**-нің Қуаты 250 МВт ЖЭО салу жобасы. Құны **215 млрд.** теңге.
- **«Техоснастка Ремсервис» ЖШС**-нің Қызылорда қаласында көтерме-бөлшек саудасы бар мамандандырылған қоймасы жобасы. Құны **4,6 млрд.** теңге.
- **«Қызылорда НК Қурылыс» ЖШС**-нің Сүт және сүт өнімдерін өндіретін цех салу жобасы. Құны **2 млрд.** теңге.
- **«AynaGlass» ЖШС**-нің жоғары технологиялы айна шығару жобасы. Құны **1,5 млрд.** теңге.
- **«Medal Holding CmbH»** Көпфункционалды инновациялық Индустриалды паркі жобасы. Құны **53,9 млрд.** теңге.
- **«With You E&C Kyzylorda» ЖШС**-нің қатты қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу зауыты жобасы. Құны **9,5 млрд.** теңге.
- **«Комфорт 1КЗ» ЖШС**-нің Шыңдалған шыны және табақша шыныны өндіру зауытын кеңейту жобасы. Құны **5,5 млрд.** теңге.
- **«Seven Rivers Technologies» ЖШС**-нің «HORN® Glass технологиясымен шыны ыдыстар зауыты жобасы. Құны **31,3 млрд.** теңге.
- **«Нұрлы Тау» ЖШС**-нің Кірпіш зауытының құрылысы жобасы. Құны **4,5 млрд.** теңге.
- **«Freedom Telecom Operations» ЖШС**-нің қуаттылығы 1,2 МВт құрайтын күн электр станциясы. Құны **150 млн.** теңге.
- **«Марал Нұр» ЖШС**-нің «Цифрлық депо» жолаушылар вагондарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кешенін салу жобасы. Құны 3,0 млрд. теңге.
- **«Рем - Пласт Инвест» ЖШС**-нің гофрлеу және картонның тегіс қабаты үшін қағаз өндірісі. Құны **559,2 млн.** теңге.
- **«Техоснастка Ремсервис» ЖШС**-нің шағын өндірістік алаңы. Құны **526 млн.** теңге.
- **ЖК Тұмар** – шағын өндірістік алаңы, құны – **526 млн.теңге.**
- **«Дезинфекция» ЖШС**-нің қайталама шикізатты дайын өнімге қайта өңдеу жобасы. Құны 350 млн. теңге.
- **«Qyzylorda Bitum» ЖШС**-нің Қызылорда қаласында жол битумы және асфальт-бетон қоспаларын өндіру зауытының құрылыс жобасы. Құны 800 млн. теңге.
- **«Altyn Gimarat» ЖШС**-нің 150 номерлі 5 жұлдызды қонақ үй құрылысы. Құны 10,0 млрд. теңге.

Шағын кәсіпкерлік саласында шағын және орта кәсіпкерлікте 36 162 бірлік бар болса, оның ішінде жұмыс істеп тұрғандары 34 590 бірлікті құрап, өткен жылдың салыстырмалы кезеңіне 106,5% құраған.

Бөлшек сауда көлемі 310 277,6 млн. теңгені құрап, өткен жылдың салыстырмалы кезеңінен 102,1%-ға артқан. Облыстағы

үлесі 87,5%. Жалпыұлттық бірыңғай жобалар пулы аясында Қызылорда қаласы бойынша жалпы құны 379,3 млрд. теңгені құрайтын 29 инвестициялық жобаның жүзеге асырылуы жоспарлануда, оның 11 жобасы іске қосылып, жұмыс жасауда.

Атап айтар болсақ, «Orda Glass LTD» ЖШС-нің «Энергия

үнемдейтін шыны өндіру цехы». Құны **6,7 млрд.** теңге; «Искаков» жеке кәсіпкерлігінің «Сауда үйі құрылысы». Құны 500 млн.теңге; «Aray Food» ЖШС-нің «Көкөніс сақтау қоймасының құрылысы». Құны 1,2 млрд.теңге. «Көлік-құрылыс компаниясы» ЖШС-нің «металл конструкция өндірісі». Құны 300,0 млн. теңге.

«Accent Development Solutions» ЖШС-нің «Жаңа әуежай жолаушылар терминалының құрылысы». Құны 15,7 млрд. теңге.

«Technology Алем Ойл» ЖШС-нің «Жерасты паркінгі бар автосалон мен АВТО шеберхана салу» жобасы. Құны 900 млн. теңге.

«Орда автодор» ЖШС-нің «Асфальт-бетон өндірісі» жобасы. Құны 1 млрд. теңге

«Қызылорда Саз-М» ЖШС-нің заманауи кірпіш зауытының құрылысы. Құны 5 млрд. теңге. «Orhun Medical» ЖШС-нің радиологиялық диагностика орталығы, құны 2,1 млрд.теңге.

«Қаржаубаева» жеке кәсіпкерлігі сауда үйінің құрылысы жобасы. Құны 700 млн. теңге.

«Панабек» ЖШС-нің орындықтар мен басқа отыратын жиһаздардан басқа кеңселер мен сауда кәсіпорындарына арналған жиһаз өндіріс кеңейту жобасы. Құны 200 млн.теңге.

2025 жылдың 1 тамызына алдын ала деректерге сәйкес халық саны 365,0 мың адамды құрап, өсу қарқыны 1,4%. Жұмыс күшінің саны - 151,3 мың адам, жұмыссыздық деңгейі - 4,5%.

2025 жылдың 1 қыркүйегіне тіркелген жұмыссыздардың жалпы саны -6861 адамды құрап, тіркелген жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайыз болған.

Жыл басынан бері 6 267 жаңа жұмыс орны құрылса, оның 1877-ы тұрақты жұмыс орны. 2 841 адам қоғамдық жұмысқа, 96 адам әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген, жастар тәжірибесіне 693 жас маман жолданған.

Қала бойынша 2025 жылғы ІІ тоқсанда бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 402 129 теңге, өткен жылғы тиісті кезеңге 111,5% артты, нақты жалақы индексі 101,0% болып қалыптасқан.

Тұтыну бағасының индексі қаңтар-тамыз өткен жылғы тиісті кезеңге 109,9%. 2025 жылға жоспарланған инфляция деңгейі 10,5 – 12,5%.

«СЕЗІМ мен СЫРДЫҢ САМАЛЫ»

Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық Мәдениет үйінде Сыр өңірінің талантты ақын қызы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, «Таңсәрі», «Сезім – серуен», «Қыр гүлі» жыр жинақтарының авторы Ғазиза Әбілданұх 50 жас мерейтойына арналған «СЕЗІМ МЕН СЫРДЫҢ САМАЛЫ» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Кеш шымылдығы студент жастардың орындауында ақынның «Сейхунмен сырласу» толғауымен ашылды.

Шараның ашылу салтанатында Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов және «Қалалық мәдениет үйлері, клубтар және халықтық ұжымдар» МКҚК директоры Эльмира Қанатбаева сөз сөйлеп, Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатовтың құттықтау хатын табыстادы.

Өріптестері де құттықтау лебіздерін жеткізіп, сый-құрмет көрсетті.

Әдеби кеш барысында ақынның жүрек тебірентер жырлары оқылып, ақын өлеңіне жазылған әндер шырқалды. Шара соңында мерейтой иесі Ғазиза Әбілда кеш қонақтарына алғысын білдіріп, оқырмандарына қолтаңба берді.

Поэзия мен руханиятқа арналған тағылымды кеш көрермендерге ерекше әсер сыйлады.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЖАҢАН ДАМУЫНЫҢ МҮМКІНДІГІ

Қызылорда қаласының «Qosyl» қалалық жастар ресурстық орталығында Жасанды интеллект институтының директоры, экономика ғылымдарының кандидаты Құлмырзаев Нұрлан Серікұлы жастармен кездесті.

Кездесу барысында спикер жасанды интеллекттің артықшылықтарына тоқталып, оның бүгінгі таңда білім беру, медицина, өнеркәсіп және басқару салаларындағы маңызы жайлы жан-жақты түсіндірме берді.

Кездесу барысында Нұрлан Серікұлы жасанды интеллекттің шығу тарихынан бастап, бүгінгі даму кезеңіне дейінгі маңызды деректермен бөлісіп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушыларының оңтүстіккореялық серіктестермен бірлесіп ел аумағында алғаш рет ашылған Жасанды интеллект институтының қызметі мен болашағына тоқталды.



Сондай-ақ, ол жасанды интеллекттің мүмкіндіктері, артықшылықтары, еңбек нарығына ықпалы, адамзатқа төнуі мүмкін қауіптері туралы тың ақпараттар ұсынып, жастардың қызығушылығын оятты.

Шараға колледж студенттері мен қалаға қарасты Мәдениет үйлері мен клубтарының қызметкерлері қатысып, өздерін толғандырған сұрақтарға нақты жауап алды.

АУЛАШІЛІК ЖОЛ КЕҢЕЮДЕ

Қызылордалықтардың сұранысына сай өзекті мәселелер «Халық қатысатын бюджет» жобасы арқылы шешімін тауып келеді. Бүгінде көлік нөпірінің көбеюіне орай Арай-3 мөлтек ауданы №72 көпқабатты тұрғын үйдің аулашiлiкi жолын кеңейту жұмыстары қызу жүргізілуде. Мердігер “Байтақ Строй LTD” ЖШС мекемесі жолдарды тек кеңейтіп қана қоймай, тұрғындарға ыңғайлы, әрі қауіпсіз аула жасауды мақсат етіп отыр.

Сонғы кездері көптеген аулада көлік жолдары кеңейтілді, автотұрақтарға арнайы орын бөлінді. Сонымен қатар жаяу жүргіншілер жүргізушілерге кедергі жасамауы үшін аулашiлiк тротуарлар жөндеуден өтуде. Бұл қауіпсіздіктің тағы бір көрінісі.

РЕЙДТІК ШАРАЛАР КҮШЕЙТІЛУДЕ

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтарды болдырмау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және түнгі уақыттағы қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында қала аумағында түнгі рейдтік жұмыстар ұйымдастырылуда. Қала әкімдігі жанынан арнайы бекітілген жұмысшы топ қоғамдық орындардағы жасөспірімдердің қозғалысы мен қауіпсіздігін жіті бақылауға алуда.

Шарада түнгі уақытта заң талаптарын бұзған жағдайлар тіркелсе, ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, заңнамалық жауапкершілік ескертілді. Сонымен қатар жасөспірімдердің қауіпсіз ортада уақыт өткізуі, олардың құқықтары мен міндеттері туралы айтылды.

Рейдке шығушылар тұрғындарды балалардың кешкі уақыттағы жүріс-тұрысына аса жауапкершілікпен қарауға, қоғам болып тәртіп пен қауіпсіз ортаны қалыптастыруға шақыруда.

“ГЕНДЕРЛІК ЗОРЛЫҚ - ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ 16 КҮН”

Жыл сайын 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында бүкіл әлемде Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді әрекет акциясы өтеді.

25 қараша- Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою халықаралық күні мен 10 желтоқсан – Адам құқықтары күні аралығында өтеді.Бұл күндер арасы кездейсоқ таңдалмаған. Гендерлік зорлық-зомбылық пен адам құқықтары бір-бірімен тығыз байланысты.

Елімізде әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында ҚР ІІМ , мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар және халықаралық серіктестер бірігіп жұмыс істеуде. Алайда статистика әлі де алаңдатарлық. Көптеген әйелдер зорлыққа ұшырағанын ашық айтуға қорқады немесе көмекке жүгінбейді. Осы орайда ҚР ІІМ-нің нұсқаулығына сәйкес, Қызылорда қаласының Полиция басқармасы Қоғамдық қауіпсіздік бөлімі Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімше жұмыстарының басым бағыттарының бірі.

Ағымдағы жылдың 25-қараша мен 10-желтоқсан аралығында қала көлемінде «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы өтуде.

Акцияның негізгі мақсаты:

- Отбасы-тұрмыс саласында орын алатын заң бұзушылықтардың профилактикасын күшейту;
- қоғамдағы әйелдер мен балаларды қолдау, қорғау; құқықтық сауаттылықты арттыру; жәбірленушіге көмек көрсету жолдарын түсіндіру; гендерлік теңдік пен адам құқықтарын қорғау;
- қабылданып жатқан шаралар жайында ақпараттандыру жұмыстарын жүргізеді.

Бұл ретте мектеп, мекемелерде түсіндіру жұмыстары, ашық дәрістер, форумдар, тренингтер, жаяу шерулер, флешмобтар, онлайн науқандар, ақпараттық роликтер көрсетіліп, плакаттар таратылуда.

Біз не істей аламыз?

Зорлық-зомбылық байқасақ-үнсіз қалмайық;

Жәбірленушіні қолдайық, көмектесетін орындарға бағыттайық;

Қызылорда қаласындағы Исатай Өбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінде әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция аясындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жалғасын тапты.

Кітапхана

Түстен кейін мені дәрігер қабылдады. Орындыққа шаншылып тік отыратын шағын ғана көзілдірікті жігіт. Бір жері ауырып отырғандай адамға әлдебір қиналысты жүзбен қарайды. Сөйлеген сөзінен тәжірибелі, білімді маман екені байқалып тұр. Менің қан қысымымды өлшеп, жүрегімді, өкпемді тыңдағаннан кейін, көңіл күйімді, жалпы жағдайымды, өткен өмірімді сұрап әңгімеге тартумен болды. Жабырқаған көңілін көтеру үшін сөйлесетін адам іздеп отырған секілді. Ақыры ауа райы, өткен түнде тоқтап қалған ыстық су тағы сол сияқты ұсақ-түйекті сөз қылып, артынан медицина туралы әңгімеге көшті. Психика патологиясы туралы ұзақ лекция оқыды. Өсіресе, тұлғаның екіге жарылуы... Яғни бір адам бойында екінші тұлғаның пайда болуы. Мәселен, біреу — жақсы отағасы, ұқыпты қызметкер, ал түнгі сағат 12-ден әрі қауіпті қылмыскер: әйел зорлап, кісі өлтіруі мүмкін. Жақында бір ұшқыш жас қыздарды зорлап, қайсыбірін мерт қылғаны үшін ұсталған. Және мұндай қылмыспен бірнеше жылдар бойы шұғылданған екен. Жұртқа сыйлы, зиялы қызметкердің қылмысқа толы тағы бір жасырын өмір кешіп жүргенін ешкім де білмеген. Мұндай мысалдар аз емес. Яғни адам ішінде мінезі бөлек, дүниеге көзқарасы бөлек екінші тұлғаның пайда болуы — бұл адам психикасындағы патология.

Ал, мен ойлаймын: мына заманда, қалыпты жағдай мен шектен тыс құбылыстың мидай араласып кеткен тұсында, дерт пен денсаулықтың отарсына шекара қою мүмкін емес. Айталық, бір тісің аузына сыймай кетсе — патология, ал кеше ғана күйіп-жанған ғашықтар мен қанды көйлек достар аяқ астынан бір-біріне опасыздық жасап жатса — патология емес, бұл — тіршілікке тән қалыпты жағдай. Және осындай ұғымға да, қағидаға да етіміз үйренген. Әйтпесе, адамгершілік мұратынды сатудан артық қандай патология болуы мүмкін?

Бүгінгі әлеуметтік мінез-құлық: өзінен басқаның бәрін иттің етінен жек көретін өлермен өзімшілдік, жексұрын мақтан-шақтық, жаны ашымас қатыгездік, мейірімсіздік, іштарлық — патология емес пе? Біздің міні шашынан көп болса да, өзімен күресіп жүрген бір адамды көрмейсің. Көшеден жүз адамды ұстап алып, сырлассаң, жүзі де әлдекімнен қиянат көрушілер болып шығады. Сонда қиянат жасаушылар қай жақта жүр?

6

31 наурыз...

Бүгін тағы хат алдым. Өз сорыма өзім жетіп тынатын шығармын. Коридордағы столдың қуысына қарамауға ант берсем де, әлдебір соқыр сенім жетегінен шыға алмадым. Күні бойы өзімді-өзім тежеп жүргенмін. Бесін кезінде столға келіп, астыңғы қуысына қолымды созғанда, саусағымә іліккен хатты көріп, қылша мойнынан тұзаққа іліккен андай сілейді де қалдым. Мені бір нартәуекел сізімнің иектегені рас еді. Егер осы жолы хат жоқ болып шыкса, іштей арбасқан жекпе-жекте сәл-пәл тыныстап, күш жиғандай болар едім. Менің көзге көрінбейтін қарсыласым алдымды орап кетті.

«Бейтаныс құрбым, — дейді баяғыша, — сізден жауап алмаған соң, екінші рет хат жазып отырмын. Сіздің күнделігіңізді оқығанымә тағы да кешірім сұраймын.

Менің ұққаным — сіз ізгілікке сенесіз де, зұлымдыққа сенбейді екенсіз. Меніңше, екеуіне де сену керек. Дүниені ұстап тұрған осы екі күш қой. Өмір атты арбаның екі жетегі болса, біреуі — зұлымдық. Бірақ ол, сіз ойлағандай, адамға тек жамандық әкелетін зиянды нәрсе емес. Айталық, мойындалған қағида бойынша, зұлымдықтың бір өкілі — ажал. Бірақ ажал болмаса, жер бетінде қандай тіршілік болар еді? Ауру өлмесе, көрі өлмесе, қарақшылар, адамзатқа қасірет әкелген тирандар өлмесе, не болар еді? Тозақ қана болар еді. Өлімнің арқасында ғана өмір мәңгілік тоқтаусыз үрдіске айналып отыр. Екіншіден, боймызда кісі өлтіре алатын қатыгездік болмаса, қанішерлерден өзімізді қайтіп қорғар едік? Немесе, жыланның өзінен де, уынан да зәреміз ұшады,

ал одан адам өмірін сақтап қалатын қанша дәрі жасалады? Ендеше, ешбір күшке «жақсы», «жаман» деп алдын ала айдар тағуға болмайды. Тек біз ол күштермен тоғысқан кездерде бізге олардың пайдасы тие ме, әлде зияны тие ме — жақсы я жаман деп жүргеніміз осы жағы.

Енді өтірік пен жалған туралы. Өтірікті жек көреміз. Ал сол өтірік адамдармен айтысатын болса: «Ау, ағайын!» дер еді. — Бәріңнің күн көріп отырғандарың менің арқам емес пе? Ыңғай шындықты айтамын десендер, баяғыда тоз-тоз болып құрып кететін едіңдер. Менің арқамда қанша рет жан сақтадыңдар, әлі де қанша жан сақтап

ТӨЛЕН ӘБДІКОВ

ПАРАСАТ МАЙДАНЫ

жүрсіндер. Өтірік айтпай бір күн өмір суре алмас едіңдер.» Өтірік осылай десе, ешқайсымыз да аузымызды аша алмас едік. Өйткені өтіріктің айтып отырғаны — шындық.

Сен күнделігіңде тазалық туралы көп жазасың. Мен осындағы бір адамнан естіген әңгімемді айтайын. Зиялы қауымын шыққан бір әйел еркегінің көзіне шөп салған. Қайтіп, қалай деп бас қатырмай-ақ қояйық. Күнде көріп, естіп жүрген нәрселер. Бірақ ең өкініштісі — әлгі әйел жыныс ауруына ұшырап қалған. Бәлкім ақылға салса, сабырға жүінесе, емделіп, жазылып та шығуға болар еді. Алайда, қатты күйзелген бейшара енді өзін күйеуіне лайықсызбын деп ойлап, қайғыға шыдамай, асылып өлген. Ері баласымен артында қалды. Күйеуі қатты қайғырыпты. Оған ең қатты батқаны — өзін керемет таза көріп, соған лайық бола алмағаны үшін, өзін-өзі өлтірген әйелінің сұмдық өкінішті қателігі. Күйеуі әйелін ешқашан өлімге қумайтын, кешіруге әзір еді. Өйткені ондай тазалық оның өзінде де болған емес. Ғажайып таза болмай-ақ, пенделік кемшілікпен-ақ бақытты болып тұра беруе болатын еді. Енді ол бақытты қайтару мүмкін емес. Не деген қате ұғым?! Дүниені бүлдіретін осындай қате ұғымдар. Қиялда ғана бар, ал өмірде орындалмайтын тазалықпен өз санамызды өзіміз улағанда, не бітіреміз? Не деген ақымақтық?! Күйеуінің қайғысында шек жоқ. Оқиғаның бас-аяғы осы.

Адамзат бақытты болу үшін, ең алдымен, өзінің кім екенін анық білуі керек. Яғни өзінің әулие емес, күнәкар пенде екенін мойындауы керек. Оны мойындамайынша, ешкім мәңгі рухани азаптан арыла алмайды. Осыны ойлағанда, маған бақыт қусы қол созым-ақ жерде тұрғандай көрінеді. Сол бақыт қусының сізге де қонуын тілеймін. Мен сізден күдерімді үзбеймін. Әлі де хат күтемін.

Бейтаныс құрбыңыз». Қолым дірілдеп хаттың соңғы жолдарын әрең оқыдым. «Сабыр, сабыр!» — деймін өзімді-өзім басуға тырысып. Бірақ үрей қысқан сезімдер, ойлар бет-бетімен тым-тырақай қашқан аңдар секілді, менің ырқыма бағынбайды. Ақыры «андардың» бетін қайырып, ішкі дүниемді бір жүйеге түсіргендей болдым. Бірақ қорқыныш бұлты тарайтын емес. Апыр-ау, бұл не нәрсе? Мені мазас қылып жүрген біреу ме? Әлде басқа сыры бар ма?

Сабырымды шақырып, сабама түскеннен кейін, хаттың мазмұнына ой жібердім. Менің бойымдағы алғашқы соқыр үрей енді ішкі азапқа, рухани мазасыздыққа айналды. Себебі хаттағы кесепат ой-пікірлерде шындықтың белгілері жоқ емес еді. Қауіптілігінің өзі де осында. Дүниедегі ең жаман нәрсе — бірыңғай жалғандық емес, шындық араласқан жартылай жалғандық. Ең қатерлі адам — бірыңғай жексұрын емес, бойында аздап та болса жақсы қасиеттерді бар жексұрын. Ондай

«жақсы» жексұрындармен күресу он есе қиын.

Алайда мен оның негізгі бағытының дұрыс емес екенін жақсы білемін. Егер барар жер, айталық, шығыста болса, батысқа қарай жүрген адам қанша тапқырлық, қажырлылық, айлакерлік көрсеткенімен, ол жерді ешқашанда таба алмайды. Ал табу үшін алған бағыттан бас тарту керек.

Бір адамның әрі жаман, әрі жақсы болуы дүниеде ізгілік пен қиянат деп аталатын кереғар екі күштің бар екенін жоққа шығара алмайды.

Егер бір аттың түсі әрі ақ, әрі қара болса, оны ала деп атайды. Бірақ ол ақ пен қара деп аталатын екі түстің бар

менім жетпейді. Қатты зорланып, ыңыранған күйімде оянып кеттім. Бастырылып жатыр екенмін. Жан терім шықты. Көзімді жұмып, көрген түсімді қайта елестетіп, «бейтаныс құрбымның» бір белгісін аңғарып қалғым келетін секілді. Бірақ еш белгісін ұстай алмаймын. Тіпті ұстағанда да не пайда? Түсімде көрдім екем деп, біреуге қалай жармасасың?

8

2 көкек

Әлдебір аңның ізіне түсем деп адасып, құла түзден бір-ақ шыққан адамдаймын. Не істеу керек екеніне миым жетпей, түндер бойы кірпік ілмей шығамын. Таңертең тұрғанда басым мең-зең болып, өлім құрып, бойымнан

ПАРАСАТ МАЙДАНЫ

беймарал көнгіштік, жеңілiske деген құштарлық бас көтергендей болады. Жоқ, мен жүйке күресіне шыдамайды екенмін. Ақыры оған хат жазуға мәжбүр болдым.

«Бейтаныс құрбым, деп бастадым мен де хатымды. Бірден жауап қайтармағанымә кешірім сұраймын. Өйткені сіз қозғаған кейбір мәселелердің маған анықтығы сонша, оған бола қызыл кеңірдек болып таласудың қажеті жоқ деп ойладым. Бірақ, байқаймын, олай емес секілді. Сіз шын мәнінде басқа бағыт, басқа түсініктегі адам болып шықтыңыз. Әрине, жер бетіндегі барлық адам бір-ақ бағытта ойласа екен деу шындыққа сыймайтын да шығар. Бірақ солай екен деп, сеніміңе, сезіміңе жасалған қиянатқа қол қусырып қарап отыру мүмкін емес. Өмір — күрес. Адамдар алдымен қара күшпен күресетін болды. Одан кейін неше түрлі қару-жарақ ойлап тауып, соғыс ашып, халықтарды жаппай қырғынға ұшыратты. Енді, қатері одан кем емес ақыл-парасат адам болып шықты. Егер бұл майданда ізгілік жеңіске жетпесе, адамзаттың рухани күйреу дәуірі басталады. Одан құтқаратын күш жоқ.

Сіз сол екеуара шағын майданды (өзірге) бастадыңыз. Амалсыз қабылдадым... Енді мәселенің өзіне көшейік. Сіз маған ізгілікке қалай сенсеңіз, зұлымдыққа да солай сеніңіз депсіз. Құрбым-ау, олардың өмірде бар екенін мойындау сенім емес қой. Сенім деген сол екеуінің біреуінің адам үшін қымбат екенін, артық екенін мойындау. Достоевский: «Сенім жоқ жерде — ізгілік те жоқ», — дейді. Сонда бұл қандай сенім? Ізгіліктің болмыста бар екеніне ғана сену ме? Жоқ, бұл — ізгіліктің жеңісіне деген сенім. Ізгілікке сенім артпаған адам ешқашан да жақсылық жасай алмайды.

Сіз тағы да ештеңеге «жақсы», «жаман» деп айдар тағуға болмайды депсіз. Адам баласының хайуандар өлемінен жоғары тұруы әлгі «жақсы» мен «жаманды» айыра алатын парасатының арқасында ғана емес пе. Еегер біз осы екі ұғымға лайықты айдар таға алмасақ, адамгершілік деп аталатын ұлы шариғат та тұмаған болар еді. Адамгершілік — адами қарым-қатынастың қағидасы. Онсыз адам өмір сүре алмайды. (Рас, адамгершілік пен ардың заңын жиі-жиі бұзатындар жеткілікті-ақ шығар, бірақ оған қарап, адамзаттың бүкіл болмысын жоққа шығару мүмкін емес.)

Сіздің өлім жайлы философияңызды үлкен жаңалық деп айта алмас едім. Біріншіден, өлімнің бәрі бірдей емес. Егер адам тәңірі сыйлаған тіршілігін өз қадарынша өткеріп, кейіні ұрпаққа орын беру рәсімінде келген борышты өлім болса, адамзат ондай «қиянатқа» шүкіршілік етуді бағыда үйренген. Бірақ әділетсіз өлім деген бар ғой. Біреудің жеткізбей желкесін қиған, біреуді жалғзынан айырған, жауызға жеңіс әперген, қанішер қарақшының, қараниет күншілдің қолымен жасалған, тирандардың

үлкен жаңалық деп айта алмас едім. Біріншіден, өлімнің бәрі бірдей емес. Егер адам тәңірі сыйлаған тіршілігін өз қадарынша өткеріп, кейіні ұрпаққа орын беру рәсімінде келген борышты өлім болса, адамзат ондай «қиянатқа» шүкіршілік етуді бағыда үйренген. Бірақ әділетсіз өлім деген бар ғой. Біреудің жеткізбей желкесін қиған, біреуді жалғзынан айырған, жауызға жеңіс әперген, қанішер қарақшының, қараниет күншілдің қолымен жасалған, тирандардың

үлкен жаңалық деп айта алмас едім. Біріншіден, өлімнің бәрі бірдей емес. Егер адам тәңірі сыйлаған тіршілігін өз қадарынша өткеріп, кейіні ұрпаққа орын беру рәсімінде келген борышты өлім болса, адамзат ондай «қиянатқа» шүкіршілік етуді бағыда үйренген. Бірақ әділетсіз өлім деген бар ғой. Біреудің жеткізбей желкесін қиған, біреуді жалғзынан айырған, жауызға жеңіс әперген, қанішер қарақшының, қараниет күншілдің қолымен жасалған, тирандардың

үлкен жаңалық деп айта алмас едім. Біріншіден, өлімнің бәрі бірдей емес. Егер адам тәңірі сыйлаған тіршілігін өз қадарынша өткеріп, кейіні ұрпаққа орын беру рәсімінде келген борышты өлім болса, адамзат ондай «қиянатқа» шүкіршілік етуді бағыда үйренген. Бірақ әділетсіз өлім деген бар ғой. Біреудің жеткізбей желкесін қиған, біреуді жалғзынан айырған, жауызға жеңіс әперген, қанішер қарақшының, қараниет күншілдің қолымен жасалған, тирандардың

ҚҰРМЕТТІ ТҰРҒЫНДАР!

Қысқы кезеңде су айдындарында қауіпсіздік ережелерін сақтамау адамдардың қаза болуына және жарақаттануына себеп болады.

- Мұздағы мінез-құлықтың негізгі ережелері:
 - Жұқа мұзға шықпаңыз.
 - Мұздың жекелеген жерлеріне топтасып жиналмаңыз.
 - Мұздағы ойықтарға, жарықтарға, ойықтарға жақындамаңыз.
 - Шанамен, шаңғымен тік жағалаудан жұқа мұзға сырғанамаңыз.
 - Тыйым салынған жерлерде су айдынынан мұз үстінен өтпеңіз.
 - Қараңғыда және нашар көрінген кезде мұзға шықпаңыз.
 - Мұзға мотоциклдермен, өткелден тыс көліктермен шықпаңыз.
- Егер сіз суық суға батып кетсеңіз:
 - Үрейленбеңіз, бос дүрбелен қимылдамаңыз.
 - Қолдарыңызды екі жаққа жайып, денеңізге көлденең позиция бере отырып, мұздың шетіне ілінуге тырысыңыз.

үкімімен жазықсыз жандарды жаппай қырғынға ұшыратқан өлімге мен сіз секілді бірыңғай философиялық тұрғыдан қарай алмаймын. Бұлар жер бетіндегі тіршілікті мәңгілікке айналдыру үшін емес, жер бетіндегі ізгілікке қарсы бағытталған өлім. Сондықтан, мүмкіндігінше, мұндай өлімді болдырмау үшін күресу керек.

Өтірік туралы да құлаққа тосын естілетін пікірлер айтыпсыз. Рас, өтірікпен күн көрген заман көп болды. Қазір де сонымен күн көріп жүрәндер аз емес шығар. Бірақ ол өтіріктің өз басының жақсылығынан емес, өтірікке негізделген қоғамның кінәсынан ғой. Егер оның орынында шындыққа

ПАРАСАТ МАЙДАНЫ

негізделген әділ қоғам болса, өтірік сол сәтте-ақ әшкере болып, сіз айтқандай, бізге кекірейіп, жоғарыдан қарап сөйлей алмас еді.

Хатыңыздың соңында күйеуін өзіне адал деп қателесіп, асылып өлген әйелдің тарихын мысалға келтіріпсіз. Мұның бәрі, айналып келгенде, әшейін құйтұрқы пікір таласының айла-тәсілі ғана. Зерденің ойыны. Дәл осындай әйелі көзіне шөп салғаннан, керісінше, күйеуі асылып өлген талай мысалды келтіруге болар еді. Сондықтан оған қарап, дүниені құртып жүрген дүниеде жоқ тазалық деп қорытынды жасауыңыз ешқандай қисынға келмейтін нәрсе.

Жалпы, ізгілік пен зұлымдықтың табиғаттағы арасалмағы бірдей, тек сол тепе-теңдікті сақтай білу қажет деген пікір, меніңше, жаңсақ пікір. Ізгіліктің көлемі зұлымдықпен ешқашанда тең болған емес. Себебі ізгіліктің жолы жіңішке. «Қиянат жасаудың мың түрі бар, ал қиянат жасамаудың түрі біреу-ақ, ол — тек қиянат жасамау» деген біреудің сөзі бар. Сондықтан қолыңнан келсе, жасайтыныңды ізгілікке жаса. Ал зұлымдық сенің әлпештеуіңді қажет те қылмайды.

Мұның бәрін мен айтысқа араласып қалған соң, амалсыздан айтып отырмын, әйтпесе, сіздің көзіңізді шындыққа жетізем деген ой менде жоқ. Сіздің дүниетанымыңызда менің жанымды, сезімдерімді қорлайтын нәрселер көп. Сізбен араласпақ түгілі, ой бөлсудің өзі маған тым ауыр тиіп отыр. Сондықтан өзіңізбен пікірлес, бағыт-тас адам тапқаныңыз жөн болар еді.

Бейтаныс».

9

3 көкек

Бейтаныс құрбым өзіме дәл осылай бөле болып жабысар деп ойламаған едім. Тура бір ғашығым секілді — күндіз-түні ойымнан кетпейді. Оның өзімді тәңіртектей жүргенін қатар тұрған адамның демін сезгендей, жүрек лүпілін естігендей бір түйсікпен аңғаратын тәріздімін.

Аулада жүргендердің қайсібірі күдікті көрініп, тағы да сонарды андумен бүкіл уақытым зая кетті. Күн сайын ұйым қанбай, таңертең қалжырап әрең оянамын.

Түнде әлдебір дыбыстан оянып кеттім. Тың тыңдап біраз жатқан соң, қараңғы дәлізге шықтым. Көше жақтан біреулердің жүрген дыбысын естіп, терезеден қарадым. Ешкім көрінбейді. Бір ғажабы, мен терезе алдынан кеткенде аяқ дыбысы қайта естіледі. Андасанда машина гүрілінен аяқ тықылын жоғалтып алып, біраздан кейін қайта естіп, кейде сол дыбысты естіп тұрғанымды, әлде естімей тұрғанымды өзім айыра алмай, беймәлім күйде жүрегім атқақтап ұзақ тұрамын. Сыртқа шығып қарамақ болып едім — бөлімшенің есігі жабық екен.

Қайтып келіп, төсегіме жаттым. Бірақ, таң атқанша көз ілмедім. Көзім іліне бергенде жақындап келе жатқан аяқ дыбысын естіп, оянып кетемін.

(Жалғасы бар)

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ қоғамның назарын, соның ішінде мүдделі жұртшылықты, «Қызылорда қаласының бас жоспары» қала құрылысы жобасының материалдарын қарау бойынша қоғамдық талқылау өткізілетіні туралы хабардар етеді.

Қоғамдық талқылауға қатысуға ниет білдірген азаматтардан «Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ алдын ала хабарласуды сұраймыз.

Байланыс телефоны: 8 (7242) 27-49-20

Қоғамдық талқылау 2025 жылғы 24 желтоқсанда сағат 11:00-де төмендегі мекенжай бойынша өтеді: Сұлтан Бейбарыс көшесі, 16, Қызылорда облысы Білім басқармасының «Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық және инновация академиясы» қосымша білім беру орталығы» КММ ғимараты.

Жобаны өзірлеуші:

«Казгипроград» І Жобалау институты ЖШС телефон– 8 (727)279-00-89 e-mail: kazgiprograd_1@mail.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

КГУ «Қызылординский городской отдел архитектуры и градостроительства» акимата города Кызылорда доводит до общего сведения, включая заинтересованную общественностью предстоящем проведении общественных обсуждений по рассмотрению материалов градостроительного проекта «Генеральный план города Кызылорда».

Желающих участников просим заблаговременно обратиться в КГУ «Кызылординский городской отдел архитектуры и градостроительства»по телефону: 8 (7242) 27-49-20

Общественные обсуждения состоятся в 11ч. 00 мин. 24декабря 2025 г. по адресу:ул. Султан Бейбарыс, 16, в здании «Творческо-инновационной академии «Сыр жұлдыздары» для детей и подростков».

Разработчик проекта:

ТОО Проектный институт «Казгипроград» І телефон– 8 (727)279-00-89 e-mail: kazgiprograd_1@mail.ru

Сұрағым бар...

БАРЛЫҒЫНЫҢ ДА ЗАҢДЫЛЫҒЫ БАР...

Қала әкімдігі әкім, немесе орынбасарлары, бөлім басшылары қағидаларында, әкімнің тұрғындармен кездесуінде жиі қойылатын сұрақтардың тізбесін жасап, олардың жауаптарын да дайындады.
Бұл – еститін Үкімет қағидасы.
Бұл – ашықтық пен жариялылық көрінісі.

– ҚЫЗЫЛОРДАДА ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚТАН ҚАЛАЙ ЖЕР АЛУҒА БОЛАДЫ?

– Индустриялық аймақтан жер алу үшін өтініш беруші «Жобаларды іріктеу қағидалары мен өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 31 шілдедегі № 599 бұйрығына сәйкес құжаттар топтамасын «Индустриялық аймақтың басқарушы компаниясына» ұсыну қажет.

1) Өтініш;
2) Сауалнама (нысан бойынша);
3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;
4) өтініш берушінің бірінші басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
5) заңды тұлға Жарғысының көшірмесі;
6) қаржылық есептіліктің көшірмесі;
7) техникалық-экономикалық негіздеме;
8) қызмет көрсететін банктің өтініш берушінің банктік шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді көшірмесі және кредиттік бюродан алынатын кредиттік есеп;
9) тіркеу есебіне қойылған жері бойынша мемлекеттік кіріс органының салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің бар немесе жоқ екені туралы анықтамасы.

Индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы өтініш беруші құжаттар топтамасын ұсынғаннан кейін Өңірлік үйлестіру кеңесінің қарауына ұсынады.

Өңірлік үйлестіру кеңесі жобаны қарап, тиісті ұсынысын береді.

Өңірлік үйлестіру кеңесі жобаға оң қорытынды берген жағдайда индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы он жұмыс күні ішінде қызметті жүзеге асыру туралы шартқа қол қояды. Ал, теріс шешімі болған жағдайда Басқарушы компания өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде өтініш берушіге жазбаша түрде бас тартады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАСЫ РЕТІНДЕ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН КЕЛЕСІ БАҒЫТТАР АРҚЫЛЫ АЛУҒА БОЛАДЫ:

Сауда-саттықсыз (аукционсыз) жер телімін алу;

Жобаны инвестициялық жоба деп тану.

Жоба инвестициялық жобаларды іске асыру үшін айқындалған қызметтің басым түрлерінің тізбесінде болуы қажет және жоба құны 150 мың АЕК-тен басталуы тиіс.

«Мемлекеттік меншіктен жер учаскелерін беру үшін жобаны инвестициялық деп айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Сыртқы істер министрінің 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 11-1-4/590 бұйрығына сәйкес Қызылорда қаласы әкімдігіне өтінішпен жүгіну керек.

Өтінішке келесі құжаттар қоса берілу қажет:

1) *жобаның бизнес-жоспарын жасауға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген жобаның бизнес-жоспары;*

2) *нысан бойынша жобаның жұмыс бағдарламасы;*

3) *ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21366 болып тіркелген) бекітілген «Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау актісі, Қағидаларға сәйкес талап етілген жер учаскесі елді мекеннен тыс жерде орналасса немесе белгіленген базалық мөлшерлемелер мен елді мекеннің белгіленген шекаралары болмаған кезде беріледі;*

4) *өтініш берушіні мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;*

5) *өтініш беруші Жарғысының көшірмесі;*

6) *өтініш берушінің салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы әкімдікке өтініш берілген күнәе дейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде берілген анықтама;*

7) *өтініш берушінің инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қаржылық ауқаттылығын растайтын келесі құжаттардың бірін, не бірнешеуін:*

- *өтініш берушінің банктердегі шоттарда өз қаражатының бар екенін растайтын құжаттары;*

- *мүліктің бар екенін растайтын құжаттары;*

- *бизнестегі үлесінің немесе өзге де акционерінің болуын растайтын құжаттары;*

- *кредиттік желінің болуын растайтын құжаттары.*

Екінші, әкімдік өтінішті және оған қоса

берілген құжаттарды қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға сәйкестігін қарайды. Бұл ретте, өтініш пен оған қоса берілген құжаттар осы Қағидаларға сәйкес келген кезде әкімдік оларды жер учаскесін беруді келісу үшін Өңірлік үйлестіру кеңесіне жібереді.

Үшінші, Өңірлік үйлестіру кеңесі өтініш және оған қоса берілген құжаттар келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған материалдарды қарайды және әкімдікке жер учаскесін беруді келісу, не келісуден бас тарту туралы қорытындыны жолдайды.

Төртінші, әкімдік Өңірлік үйлестіру кеңесінің қорытындысын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде:

1) оң қорытынды шыққан кезде өтініш берушіге осы шешімнің көшірмесін жібере отырып, мемлекеттік меншіктен жер учаскелерін беру үшін жобаны инвестициялық деп айқындау шешімін қабылдайды;

2) теріс қорытынды шыққан кезде өтініш берушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жібере отырып, мемлекеттік меншіктен жер учаскелерін беру үшін жобаны инвестициялық деп айқындаудан бас тартады.

– КӘСІПКЕРЛІК МАҚСАТТАҒЫ ЖЕРЛЕР ҚАНДАЙ ТӨРТІППЕН БЕРІЛЕДІ?

– Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 48 бабының 1 тармағына сәйкес мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалға алу құқығын беру сауда-саттықта (аукциондарда) жүзеге асырылады делінген.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі 2021 жылғы 15 қазандағы № 297 бұйрығымен бекітілген қағидаға сәйкес, “электрондық үкіметтің” веб-порталындағы пайдаланушының кабинеті — “электрондық үкіметтің” веб-порталы арқылы өтініш беру қажет екендігін хабарлаймыз. Өтініш беру арқылы ұсынған жер телімі зерттеліп, <https://e-qazyna.kz/ru/> жүйесіне енгізіледі.

– АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДА МАЛ ЖАЙЫЛЫМЫ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕСІ ҚАНДАЙ ТӨРТІППЕН ЖӘНЕ ҚАНДАЙ КӨЛЕМДЕ БЕРІЛЕДІ?

– ҚР Жер кодексінің 43-1 бабының талаптарына сәйкес мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс негізінде жүзеге асырылады.

Қызылорда облысы әкімінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 633 қаулысы және Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылы 2 шілдедегі № 203 бірлескен шешіміне сәйкес Қызылорда қаласы аумағынан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден жеке меншікке немесе жер пайдалануға берілетін жер учаскесінің ең аз мөлшері 5,0 гектар, ең шекті жоғары мөлшері 1000,0 гектар болып белгіленіп, бекітілген.

– “ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА” БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІ ҚАНДАЙ?

– Жүз еселенген айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы төленеді, қажеттілігіне қарай тұрғын үй сатып алуға немесе салуға екі мың еселенген айлық есептік көрсеткіш көлемінде 15 жыл мерзімге 1% мөлшеріндегі жылдық сыйақы мөлшерлемесімен бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

– ЖЕКЕ ОҢАЛТУ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖОБ (ИПРА) ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

– ЖОБ- адамға мүгедектік тағайындалғаннан кейін берілетін құжат. Онда медициналық, әлеуметтік, білім беру және басқа да қажетті қолдау шаралары көрсетіледі.

– ЖОБ-ҚА ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТТЕР КІРЕДІ?

– Бағдарламаға мыналар енгізілуі мүмкін: Медициналық оңалту (ем, санаторий,

емхана)

Техникалық құралдар (коляска, есту аппараты)

Психологиялық және әлеуметтік қолдау

Білім алу және кәсіптік оқу

Жұмысқа орналасуға көмек, жұмыс орнын бейімдеу

– ЖЕКЕ ОҢАЛТУ БАҒДАРЛАМА КІМГЕ РӘСІМДЕЛЕДІ?

– ЖОБ мүгедек деп танылған барлық азаматтарға рәсімделеді.

– **АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛУҒА ҮМІТКЕР АДАМ (ОТБАСЫ) АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН ҚАЙДА ЖҮГІНЕДІ?**

– Тұрғылықты жері бойынша Мансап орталығына, ал тұрғылықты жері бойынша мансап орталығы болмаған жағдайда – кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жүгінеді.

– МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

– Жан басына шаққандағы орташа айлық кірісі облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен жеке тұлғаларға (отбасыларға) мемлекет тарапынан берілетін көмек.

– ЖЕР ТЕЛІМІ НЕМЕСЕ ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҮЙ МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫНА АЛЫНҒАНДА НАРЫҚТЫҚ БАҒАЛАУ ҚҰНЫ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛЕДІ?

– Жер телімін, немесе жеке

тұрғын үйді қала әкімінің қаулысымен мемлекет мұқтажына алу жөнінде қаулы қабылданғаннан кейін барып, меншік иесі тарапынан аталған мемлекет мұқтажына келісілген соң қала әкімінің атына келісім өтінішін жолдайды. Аталған өтініші тіркеуге алынған соң, Қызылорда қалалық тұрғын үй коммуналдық-шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі тарапынан тәуелсіз бағалаушыға конкурс жариялау арқылы жеңімпаз танылған соң, тәуелсіз бағалаушы тарапынан тиісті жұмыстар жүргізіледі.

– МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ПӘТЕР ТАБЫСТАУ ҚАЙ ТАРАПТАН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ?

– ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 10-8-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну туралы шешімді тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларына сәйкес Ұлттық даму институты мәртебесіне ие Тұрғын үй құрылысы жинақ банкі қабылдайды.

– ТҰРҒЫН ҮЙДІ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ҮШІН ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР ҚАЖЕТ?

– Тұрғын үйді жекешелендіру үшін қажетті құжаттар:

1) өтініш: кемелетке толған барлық отбасы мүшелері қол қойған өтініш.

2) куәліктердің көшірмелері: некеге тұру (бұзу) туралы, отбасы мүшелерінің қайтыс болуы туралы, балалардың тууы туралы куәліктері.

3) жалдау шарты немесе тұрғынжай ордері: сіздің тұрғынжайды пайдалану құқығыңызды растайтын құжат.

4) сот шешімі: егер басқа адамдар көрсетілетін қызметті алушының отбасы мүшелері деп танылса, онда олар сот шешімінің көшірмесін ұсынуы тиіс.

5) әлеуметтік жағынан осал топтарға жататын азаматтар үшін: көрсетілетін қызметті алушының (отбасының) әлеуметтік жағынан осал топтарға жататынын растайтын құжаттың көшірмесі.

6) жұмыс орнынан анықтама немесе еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі: мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік ұйымдардың жұмыскерлері үшін.

– ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНЕ ҚАЛАЙ ТІРКЕЛЕДІ?

– Азаматтар тұрғылықты мекенжайы бойынша, тиісті құжаттарды Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес 5 жыл көлемінде жеке меншігінде басқа тұрғын үй болмаса (ЭЦҚ кілті арқылы) «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» ақпараттық жүйесі «orken.otbasybank.kz» сайтына өтінім беру жолымен тапсыра алады.

ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 71-бабына сәйкес, Ұлттық даму институты мәртебесіне ие Тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің осы Заңның 69 бабына сәйкес тұрғын жайға мұқтаж деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюы Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» электрондық базасына тұрғын жайға мұқтаждар есебіне қою қағидаларына сәйкес осы елді мекенде тіркелген жері бойынша жүзеге асырылады.

– “Е-OTINISH” АЖ-ДЕ ЖОЛДАНЫМДЫ ҚАЛАЙ БЕРУГЕ БОЛАДЫ?

– «e-Otinish» жүйесіне тіркелуге өтінішті төмендегілер арқылы беруге болады: eGov/eGovmobile сайты; Aitu мобильді қолданбасы; Қазақстан бойынша ХҚКО-дағы және әкімдіктердегі өтініш қабылдау орталықтары.

– ЖОЛДАНЫМНЫҢ ҚАРАУ МЕРЗІМІНІҢ ТӨРТБІ ҚАНДАЙ?

– ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» бойынша өтініштерді қараудың өзінің заңдылығы бар.

Өтініштерді қарау мерзімі:

- қарау үшін ақпарат алу, немесе талап етілмейтін өтініштер күнтізбелік 15 күн ішінде

- ақпарат алу немесе тексеру талап етілмейтін өтініштер күнтізбелік 15 күн ішінде;

- қарау мерзімі ұзартылса өтініш берушіге күнтізбелік 3 күн ішінде хабарланады. Өтінішті

қарау мерзімін басшы немесе оның орынбасары ұзартады.

Егер мәселе ұзақ уақытты талап етсе, өтініш бақылауға қойылады және өтініш берушіге күнтізбелік 3 күн ішінде хабарланады.

– ЖОЛДАНЫМДЫ ҚАЛАЙ КЕРІ ҚАЙТАРУҒА БОЛАДЫ?

– Өтінішті қайтарып алу үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

1) <https://eotinish.kz> сайтында

авторизациядан өту;

2) «Менің өтініштерім» бөлімінен қайтарып алғыңыз келетін өтінішті табу;

3) кері қайтарып алуға арыз жіберу үшін «Өтінішті кері қайтарып алу» батырмасын басу;

4) себепін көрсетіп, ЭЦҚ немесе Digital ID арқылы қайтарып алуға қол қою;

5) мемлекеттік орган кері қайтарып алу өтінішін қарайды. Мемлекеттік орган қайтарып алуды қабылдауы немесе қабылдамауы мүмкін. Оң жауап болған жағдайда «Кері қайтарып алынды» мәртебесі шығады. Қабылданбаған жағдайда өтініш мәртебесі кері қайтарып алуға арыз жібергенге дейінгі мәртебеге оралады.

– ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУЫНА ҚАЛАЙ ТІРКЕЛУГЕ БОЛАДЫ?

– ҚР Әкімшілік рәсімдік процестік кодексінің 90 бабының 1-ші тармағына сәйкес, Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары және олардың орынбасарлары тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде бір рет азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауға міндетті.

Тіркелу үшін «e-Otinish»ақпараттық жүйесіне жазбаша өтініш жазып, тіркелуге болады. Кезегі келген кезде қабылдау күні алдын ала хабарланатын болады

– ТҰРҒЫН ҮЙГЕ КЕЗЕККЕ ТҰРУ ҮШІН ҚАЙДА БАРУ КЕРЕК ЖӘНЕ ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР ҚАЖЕТ?

– Жүгірудің екі жолы бар. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы құжаттардың толық пакетін ұсыну қажет.

Қызметті алуда кезекке қою үшін құжаттарды беру кезінде уақытты үнемдеу үшін мемлекеттік қызметті онлайн алуға болады. Ол үшін осы сілтеме бойынша қажетті құжаттарды тіркеп өту және ЭЦҚ сұранысына қол қою қажет.

– ЖЕР ТЕЛІМІН ҚАШАН БЕРЕДІ?

– Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңына, сондай-ақ ҚР Жер кодексіне (будан әрі- Кодекс) сәйкес қандай да бір объектілерге берілетін жер учаскелері белгіленген тәртіппен бекітілген қала құрылыстық құжаттарға, яғни бас жоспарларға, даму сызбаларына және егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын сәйкес табысталады делінген.

Сонымен қатар Кодекстің 44-1 бабының 8 тармағына сәйкес жер учаскесін сұрап өтінім білдірген кезде өтінім арнайы есепке алынып және жеке тұрғын үй құрылысы үшін табыстлатын алаңдардың дайын болуына қарай қанағаттандырылатындығы көрсетілген.

– ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНАН ҚАЛАЙ ПӘТЕР АЛУҒА БОЛАДЫ?

– Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 74-бабының 1-тармағына сәйкес, мұқтаждар есебінде тұратын азаматтарға ***мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй*** немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй, барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш берілген кезден бастап тізімде белгіленген кезек ретімен беріледі.

Сондай-ақ, аталған баптың 3-тармағына сәйкес, тізімдерге енгізілген азаматтардың құқықтары тең деп танылады. Егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжай алуға осы тізімдерге енгізілген басқалар алдында, Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларын, жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ І және ІІ дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарды, көпбалалы отбасыларды қоспағанда, ешкімнің де басым құқығы болмайды.

Тұрғын үй алу кезегіне тіркелген азаматтардың кезек реттілігі бұл бағыттағы жұмыстардың ашықтығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қала әкімдігінің (<https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-kzo/press/article/details/11272?lang=kk>) веб-сайтына әр тоқсан сайын толықтырулармен ұдайы жаңаланып, орналастырылады.

Суреттер сөйлегенде

“ТАЗА ҚАЗАҚСТАН” – БАРЛЫҚ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАРДЫҢ ОРТАҚ МЕРЕЙІ...

Қызылорда қаласы еліміздегі таза қалалардың бірегейі. Қалалықтармен қатар қала қонақтары да қала тазалығын ерекше атап өтіп жатады. “Расымен де таза қала екен” – бұл қала қонақтарының Қызылордаға деген сүйінісі. Өткен сенбі күні де “Таза Қазақстан” экологиялық бағдарламасы аясында тазалық акциясы болып өтті. Қызылорда қаласы аумағында ұйымдастырылған экологиялық тазалық жұмыстарына 125 мекемеден 1315 адам қатысып, 41 техника жұмылдырылған. Нәтижесінде орталық полигонға 70м³ қоқыс шығарылған.



ТІЛ ЗАҢНАМАСЫН САҚТАУ - БАРШАҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Құрметті кәсіпкерлер мен қала тұрғындары! «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның 21-бабына сәйкес деректемелер мен көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде, қажет болған жағдайда орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде орналастырылуы тиіс. Көрнекі ақпарат мәтіндерінің орналасу тәртібі заңмен нақты белгіленген; Мемлекеттік тілдегі мәтін – сол жақта немесе жоғарыда; Орыс тіліндегі мәтін – оң жақта немесе төменгі бөлікте; Екі тілдегі мәтін де бірдей өлшемдегі әріптермен жазылуы керек. Қажет болған жағдайда өзге тілдерге аударуға болады, алайда қаріп өлшемі нормативтік талаптардан аспауы тиіс. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 729-бабына сәйкес тіл заңнамасы-

ның сақталуын бақылау және әкімшілік шаралар қолдану өкілеттігі жергілікті атқарушы органдардың тілдерді дамыту саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің басшысы мен оның орынбасарлары құқылы. Осыған орай қаладағы барлық кәсіпкерлерді заң талаптарын сақтауға шақырамыз. Мемлекеттік емес ұйымдар маңдайша, жарнама, хабарлама, прейскурант, баға көрсеткіші, ас мәзірі, нұсқағыш және өзге де көрнекі ақпаратты орналастырмас бұрын қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінен тегін кеңес алуға болады. Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің байланыс нөмірі: 27-77-55 Мекенжай: Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі, №21 (А.Тоқмағамбетов атындағы Мәдениет үйінің 2-ші қабаты)

ТІЛ ЗАҢНАМАСЫН САҚТАУ - БАРШАҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Құрметті кәсіпкерлер мен қала тұрғындары! «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның 21-бабына сәйкес, деректемелер мен көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде, қажет болған жағдайда орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде орналастырылуы тиіс.

- ✓ Көрнекі ақпарат мәтіндерінің орналасу тәртібі заңмен нақты белгіленген;
- ✓ Мемлекеттік тілдегі мәтін – сол жақта немесе жоғарыда;
- ✓ Орыс тіліндегі мәтін – оң жақта немесе төменгі бөлікте;
- ✓ Екі тілдегі мәтін де бірдей өлшемдегі әріптермен жазылуы керек. Қажет болған жағдайда өзге тілдерге аударуға болады, алайда қаріп өлшемі нормативтік талаптардан аспауы тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 729-бабына сәйкес тіл заңнамасының сақталуын бақылау және әкімшілік шаралар қолдану өкілеттігі жергілікті атқарушы органның тілдерді дамыту саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің басшысы мен оның орынбасарлары құқылы. Осыған орай, қаладағы барлық кәсіпкерлерді заң талаптарын сақтауға шақырамыз. Мемлекеттік емес ұйымдар маңдайша, жарнама, хабарлама, прейскурант, баға көрсеткіші, ас мәзірі, нұсқағыш және өзге де көрнекі ақпаратты орналастырмас бұрын қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінен тегін кеңес алуға болады.

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің байланыс нөмірі: 27-77-55 Мекенжай: Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі, №21 (А. Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінің 2-ші қабаты)